Искусство Айтыса имеет много разновидностей. Наиболее древними формами казахского айтыса являются фольклорно-обрядовые песни: бәдік и жар-жар. Одним из традиций, ныне устаревшим, был «Бәдік» – поклонение природным стихиям, исполнявшийся женской и мужской группой людей. Что касается «Жар-Жар», то это жанр до сих пор существует и сопровождается во время проводов невесты в дом жениха. Здесь опять-таки общество делилось на две группы: мужской и женский, где женщины сочувствовали и даже оплакивали уходящей в другой род невесте, а мужчины подбадривали и говорили, что в новой жизни ей будет еще лучше. По мнению ученых жар-жар является групповой формой айтыса.



Рис. 4. И. Исабаев. Суперобложка ко второму тому «Айтыс». Бумага, линогравюра

И вновь, панорамная сцена обряда «Сватовство невесты» с обложки ко второму тому «Айтыс». В центре композиции, на фоне гор, мы видим сводчатую часть юрты – символ отчего дома. Народ, от мала до велика, собрался на радостное для сельчан событие. В казанах уже варится угощение, гости с подарками стоят наготове, чтобы поздравить молодых. Невеста в красивом головном уборе «сәукеле» скромно потупила свой взор, тогда как жених настроен очень решительно, что передано в его жестах. Два акына, мужчина и женщина, уже начали свое выступление, задавая торжественный тон всему происходящему. Общее радостное настроение передано художником через традиционную нарядную одежду, позы и мимику людей, через выразительные графические штрихи линогравюры. Вся картина окутана ощущением праздника (иллюстрация ко 2-му тому обложки).

Самыми распространенными видами айтыса принято считать «Қайым-айтыс» и «Сүре-айтыс». На один из несложных форм бытового кайым-айтыса девушки и юноши собирались вечерами и устраивали песенные состязания. Это самый доступный айтыс, где начинающие акыны пробовали себя, перекидываясь короткими, полными искрящим юмором репликами.

Тогда как профессиональный суре-айтыс требовал от признанных народом соревнующих акынов высокого мастерства и непревзойденной импровизации. Богатая история нашего народа оставила известнейшие имена казахских певцов, прославившиеся в мастерстве айтыса: Махамбет Утемисов, Суюнбай Аронулы, Жаяу Муса Байжанов, Акан Серэ Корамсаулы, Жамбыл Жабаев, Кенен Азербаетов и многие другие [4].

В трехтомник «Айтыс» не вошли некоторые портреты и наброски как, например, образ известного акына-импровизатора Жамбыл Жабаева, выполненный в технике автолитографии. В графическом листе художник передает не только сходство с оригиналом, но и раскрывает внутренний мир личности. Великий айтыскер выступал со многими известными казахскими и кыргызскими акынами и внес большой вклад в развитие поэтического искусства казахского народа (портрет Джамбула, рисунок 5).

Еще один портрет выдающего казахского акына-импровизатора Нурпеиса Байганина, оставшийся лишь карандашным наброском, дает представление о необычайной личности, глубоко мыслящего и яркого певца, черпавшего темы для своих песен из окружающей его действительности: от перепевов народных эпосов и героических тем до повседневной бытовой казахской жизни (карандашный портрет Н. Байганина, рисунок б).



Рис. 5, 6. И. Исабаев. Портреты Жамбыла и Н. Байганина

Все иллюстрации к книге «Айтыс» выполнены в графической технике линогравюры, которая занимала в художественной деятельности Исатая Исабаева главенствующее положение. На протяжении своего творческого пути художник пробовал практически все виды графического письма, но к линогравюре он всегда относился с особым трепетом, так как именно эта техника придавала его линиям и штрихам нежнейшую плавность и поэтическую напевность.

Тема айтыса была интересна многим исследователям устной народной поэзии. Начиная с Ч. Валиханова, В. Радлова, М. Ауэзова и других, целая плеяда ученых по крупицам собирали со всех уголков необъятной казахской степи ценнейшие материалы об известных поэтических соревнованиях. Книга «Айтыс» в трех томах вышла в свет в 1965 году, под издательством «Жазушы», в Алматы. Любопытна по своему содержанию вступительная статья писателя Сабита Муканова – основоположника современной казахской литературы, где он объясняет этимологию происхождения слова «айтыс»: от слова «айт» – «говори» и, соответственно «айтыс» - диалог двух певцов, а также приводит интереснейшие факты об известных акынах и запоминающихся с ними музыкальных дуэтах [3, с. 12].

Надо отметить, что в отличие от других жанров устной литературы, в айтысе принимали активное участие много поэтесс-женщин. В XIX веке, несмотря на старые феодальные традиции, свободное пение представителей слабого пола была прогрессивной идеей. Они могли смело вступать в поэтические соревнования с мужчинами и не раз оказывались победительницами.



Рис. 7. И. Исабаев. Музыкально-поэтический дуэт. Бумага, линогравюра

В трехтомнике «Айтыс» собрано немало словесных дуэтов, но особое место занимает состязание между акыном Биржаном и поэтессой Сарой, являющееся лучшим образцом литературно-поэтического жанра. Сабит Муканов замечает, что несмотря на профессиональное владение Биржаном искусностью речи, Сара была ему достойной соперницей. Ритм ее стиха, яркая выразительность, остроумие и находчивость изумляли народ

Ты как белый месяц в небе
сладко поешь свои песни, Биржан,
Но не угнаться тебе – жеребенку
за моим прекрасным как ветер конем (рисунок 7).

Женская тема всегда находила отклик в творчестве художника Исатая Исабаева, но в книге «Айтыс» это проявилась с особой взволнованностью. Под его пером облик женщины приобрел изящество, женственность и это несмотря на ту роль, которую она выполняла: роль героини певческого поединка или любимой. Он бережно выписывал каждую из них, во всех их проявлениях в жизни и стремился передать не только сам образ, но и отразить ее сущность. Девушка, мать, бабушка – все эти представительницы прекрасного пола в руках художника превращались в икону женственности, с тщательно выписанными фигурами, позами, жестами и одеяниями (иллюстрации с женскими образами, слева рисунок 8, справа рисунок 9).



Рис. 8, 9. И. Исабаев. Женские образы. Бумага, линогравюра

Говоря об эффекте выступления айтыскеров перед зрителем, можно только удивляться искрометностью их импровизаций в высказывании эпитетов и метафор, «вылетающих прямо из уст». Зачастую, подобные поэтические строки, почерпнутые из богатейших недр казахского языка, превращались в крылатые выражения и разносились по всей степи. «В казахских степях нет слов для обозначения «театр», «драма», – говорил казахский поэт и драматург Абдильда Тажибаев, – но есть прекрасные образцы исполнительского искусства для публики, которые дают правдивую картину национальных традиций и быта» [5, с. 354]. А писатель М. О. Ауэзов в состязаниях акынов, несущих элементы драматизма и сценического эффекта, видел «театр двух актеров».



Рис. 10. И. Исабаев. Суперобложка к третьему тому «Айтыс». Бумага, линогравюра

Жанр айтыса как уникальная форма устного творчества сохраняет популярность и в наше время, вызывая неподдельный интерес у казахского народа. На лучших образцах поэтических диалогов учится современная молодежь, подражая известным исполнителям народной поэзии. Сегодняшний «Айтыс»

включен в список культурного наследия ЮНЕСКО и до сих пор не утратил своей значимости и злободневности. Поэтому обращение к традиционному песенному творчеству может стать благодатной почвой для исследователей и художников, как современных, так и будущих поколений.

Самобытный, древний, уникальный, аутентичный – все эти определения можно отнести к айтысу, но это еще и динамично-развивающийся жанр современной культуры как степной, так и городской. Такая ситуация практически не имеет аналогов мировой истории, когда древний вид устного поэтического искусства вдруг оказывается востребован современностью, вырастает в нее и живет, привнося людям знания, транслируя традиции, обучая этическим нормам и показывая красоту языка и родной литературы.

Листая страницы книги «Айтыс», читая поэтические строки акынов, мы представляем их образы и широкоформатную картинку через призму воображения Исатая Исабаева. Художником проделана титаническая работа по изучению и оформлению трехтомного сборника «Айтыс». Анализирую это издание, мы приходим к выводу: певцы-акыны оставили нам поэтический слог, собиратели устного народного творчества записали эти материалы, а художник сумел визуализировать айтыс на своих полотнах. Так произошла цепочка передачи ценностей, где каждый встал на свое место и сыграл свою роль. Исатай Исабаев с успехом выполнил свою миссию, сделав личный вклад в развитие изобразительного искусства Казахстана.

Литература:

1. Тишунина Н. В. *Методика интермедиального анализа в свете междисциплинарных исследований // Методология гуманитарных знаний в перспективе XXI века. Серия «Symposium». – Вып. 12. К 80-летию профессора М. С. Кагана. Материалы международной научной конференции. – СПб.: Санкт-Петербургское философское общество, 2001. – С. – 149–154.*
2. *Айтыс, как направление культурной политики Казахстана // – URL: https://www.inform.kz/ru/aytys-kak-napravlenie-kul-turnoy-politiki-kazahstana_a2933037 (дата обращения 23.01.2022)*
3. *Айтыс / вступ. ст. С. Муқанова. – Алматы: Жазушы, 1965. – Том 1. – 556 с.*
4. *Мухтар Ауэзов: Айтыс өлеңдер // – URL: <https://bilim-all.kz/article/6866-Aityys-olender> (дата обращения 23.01.2022).*
5. *Тәжібаев Ә. Бес томдық шығармалар жинағы. 20 т. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 с.*

Қ. О. Жеделов

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Т. К. Жүргенов ат. ҚазҰӨА
Алматы, Қазақстан
zhedelov61@mail.ru

СЫМБАТТЫ ӨНЕР ТҮРЛЕРІ БОЛМАҒАН ЕЛДЕ МАҒЫНАЛЫ ТІРШІЛІК ЖОҚ

Түйіндеме: Бұл мақалада айтылып отырған «сымбатты өнер түрлері» әр елдің көркемдік өнер шеберлерінің шығармашылық жұмыстарынан берілетін тіршіліктің шырағы десек кездейсоқтық емес. Сымбатты өнер түрлері ол қоғамдық сананың көркемдік ойлау тәсіліне негізделетін үлкен бір саласы, өмір құбылыстарындағы сұлулықты бейнелеп көрсету құралы. Жалпы жер шарын мекендеген бүкіл адамзатты толғандыратын, терең ойға түсіретін көкейкесті мәселе. Сымбатты өнер түрлері арқылы адамға түрлі образдарды қабылдатып дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстардың табиғи жаратылыстан тыс өзгеше мағыналы тіршілікпен өмір сүруіне бағыт беру.

Ал, М. Әуезовтың «Мәдениет һәм ұлт» деген мақаласында, «сымбатты өнер болмаған елде мағыналы тіршілік жоқ» - деген сөзіне көңіл бөлсек, көркемдік өнер шеберлері өздерінің сымбатты өнер түрлері арқылы орындайтын шығармашылық жұмыстарында қоғамда жүріп жатқан көкейкесті мәселені көтеріп елінің тарихын, этномәдениетін әлемге танытып мойындатуы халықтың болашаққа деген үміт отын тұтататын тіршіліктің шырағы деп жазып отырғаны сымбатты өнер түрлерінің иелеріне түсінікті.

Ал, осынау дүбірлі дүниеде алыс - жақындағы мемлекеттерге елімізді танытып, сыйлату, мойындату үшін экономикалық мүделердің дұрыс шешілуі мен қатар – тағылымды тарих, озық ғылым, әлемдік мәдениет тарихының алтын қорына қосылған тәжірибеден үлгі алып жан-жақты дамып жетілуге және эмоционалды күйден интеллектуалды азамат қалыптастыруға, олардың шешім қабылдау процесіне қатысуын белсендіруге, адам мен қоғам арасындағы сенімді арттырып өсуіне ықпал ету мағыналы тіршілік шырағының тұтануына мүмкіндік беретін бағыттарды қарастыру керектігі айтылады.

Кілт сөздер: Сымбатты өнер, интеллектуал, қуат, тіршілік, шырақ, ерлік, ұлт, тұлға, құндылық, өркениет, этномәдениет.

Аннотация: Неслучайно «изящные виды искусства», о которых идет речь в этой статье, являются факелом жизни, передаваемым из творческих работ мастеров художественного искусства разных стран. Изящные виды искусства это большая область общественного сознания, опирающаяся на художественный образ мышления, средство воплощения красоты в явлениях жизни. Насущная проблема, которая волнует, глубоко волнует все человечество, населяющее весь земной шар в целом. Через различные виды искусства дать человеку возможность воспринимать различные образы, ориентироваться на свое мировоззрение, внутреннее чувство, на то, что явления в его душе живут иным осмысленным существованием, выходящим за пределы естественного творения.

В статье М. Ауэзова «культура һәм ұлт» подчеркивается, что «в стране, где нет прекрасного искусства, нет осмысленной жизни», мастера художественного искусства в своей творческой работе, проводимой в обществе, поднимают актуальную проблему, раскрывают историю своей страны, ее этнокультуру. Это понятно владельцам изящных видов искусства.

В этом мире для того, чтобы показать, уважать и признавать нашу страну, необходи-

мо правильно решать экономические интересы, всесторонне развиваться и развиваться на примере опыта, включенного в золотой фонд истории, передовой науки, мировой культуры и формировать интеллектуального гражданина из эмоционального состояния, активизировать их участие в процессе принятия решений, способствовать развитию личности и общества необходимо рассмотреть направления, способствующие повышению доверия между ними и воспламенению светила смысловой жизни.

Ключевые слова: Искусство, Интеллект, энергия, жизнь, свет, мужество, нация, личность, ценность, цивилизация, этнокультура.

Abstract: it is no coincidence that the «types of beautiful art» mentioned in this article are the light of life, which is given by the creative works of masters of art from different countries. Artistic forms of art are a large branch of public consciousness, which is based on an artistic way of thinking, a means of depicting beauty in the phenomena of life. In general, this is an urgent problem that concerns all mankind living on the planet. Through art forms, a person perceives various images and directs his worldview, inner feelings, and the existence of phenomena in the soul with a different meaning beyond natural creation.

«In the article of M. Auezov» «culture and nation», «there is no meaningful life in a country where there is no beautiful art», it is clear to the owners of beautiful art that the Masters of Fine Arts, in their creative works through beautiful art, raise the current problem in society and show the history of their country, ethno - culture to the world, are the light of life that ignites the hope of the people for the future.

In this world, it is necessary to consider the correct solution of economic interests, as well as the directions that allow us to develop comprehensively and develop from an emotional state to the formation of an intellectual citizen, to activate their participation in decision - making, to increase trust between people and society in order to promote the recognition, respect and recognition of our country to the countries of the near and far abroad, as well as to follow the example of experience included in the Golden fund of history, advanced science, world culture history.

Keywords: beautiful art, intellectual, power, Life, light, courage, nation, personality, value, civilization, ethno-culture.

Кіріспе. Алып отырған тақырыбымыздың маңыздылығын айтар болсақ, әр елдің көркем өнер шеберлері сымбатты өнер түрлері арқылы жеке тұлғаның жан-жақты дамып жетілуіне, оның эмоционалды күйіне, интеллектуалды өсуіне ықпал етіп, сан ғасырлық мәдениет тәжірибесінен сусындатып тіршілік шырағын тұтануына мүмкіндік беретіндігі. Бұл мәселені кім қалай шешпек болып талпынса да - ол міндетті түрде тікелей немесе жанама сипатта ғана емес, жалпы жер шарын мекендеген бүкіл адамзатты толғандыратын, терең ойға түсіретін мәселе екендігін зертеуші ғалымдар, ақын, жазушылар солардың ішінде сымбатты өнер түрлерінің иелеріде түсінеді.

Сымбатты өнер түрлерінің қызметін, қоғамдық сананың, адам танымының айрықша формасы ретіндегі ерекшелігін айқындайтын белгілі бір анықтама беру немесе оның адам өміріндегі маңызы мен мәнін анықтау жайлы тартыстар бүкіл мәдениет тарихында тоқталған жоқ.

Қарастырып отырған тақырыбымыздың мазмұнында, бір елдің немесе халықтың мәдениеті мен дәстүрінде «сымбатты өнер түрлері болмаса, елде мағынаны тіршіліктің жоқтығы болатынын» айтылып тұрғанынан түсінуге болатындығы.

Қазіргі дүбірлі дүниеде сымбатты өнер түрлерімен елін танытып, тарихын, этномәдениетін халыққа мойындату ақын, жазушы, суретші шығармаларындағы көкейкестілік басты мақсат болып саналатынын көпшілік түсіне бермейді.

Соған байланысты Егеменді еліміздің экспрезиденті «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасы идеясының негізгі мақсаты - қазақстандықтарды жаңа формацияға тәрбиелеу, Қазақстанды бәсекелестікке қабілетті адам капиталына бай елге айналдыру», - деген еді. Бүгін де осы мақсатқа жету үшін еліміздің ғылыми элитасы қоғамды зерттеп, оның интеллектуалды әлеуетін арттыру жолында еңбек етіп отырған саяси ғылымдарының докторы, профессор Гүлмира Сұлтанбаеваның пікірін білген едік.

Өркениетті мәдениетке өрелі шығармашылық иелерін сабақтастырудың қажеттігін баса көрсетіп айтты.

Негізгі бөлім. Бүгінде сымбатты өнер шеберлері мен қазақ суретшілерінің шығармаларындағы өзіне аса назар аудартып және терең қызығушылық тудыратын көкейкесті мәселенің бірі көпшілікке берілетін әдеби мәтіндер, мүсін, сәулет туындылары, суреттер, әуен, би және тағы сол сияқты сымбатты өнер түрлерінің қоғамдағы жағдайды шынайылықпен қарастырып көрерменге ұсынылуы. Әсемдік, әдемілік, сұлулық сынды бірдеңгейлік ұғымдар мазмұнына негізделген сымбатты өнер туындысы адам мен қоғамның еркіндік туралы түсінігінің мәні. Өнерді көп ойшылдар өз ләззаты, өз рахаты өзінде, ешнәрсеге тәуелсіз, «мақсатсыз» мақсат көздегіштік деп анықтайды. Бірақ, бұл сипаттамалардан өнерді беталды, тізгінсіз әрекет деп түсінуге болмайды. Бұл тұста таза өнер мен кәсіби өнерді ажырата білген абзал. Мысалы, неміс философы И. Кант таза өнер мен кәсіби өнерді ажыратып қарастырды да, біріншісін – еркіндік өнері, екіншісін – табыс үшін жасалатын өнер дейді [2, 339 б.]. И. Кант бұл жерде еркін өнер деп адамның өзінің рухани болмысынан шыққан бейнелі шешімдермен байланысты өнерді айтып отыр. Ал, табыс үшін, сауда-саттық мақсатында жасалған өнер өзіне емес, өзгеге ұнау үшін, сатып алушы талғамына, сұранысына ыңғайластырып жасалынады деп түсіндіреді. И. Канттың айтқан сөздерінен «таза өнер мен кәсіби өнерге» арналған ерекше орыны бар көкейкесті мәселенің аражігінен туындайтынын қазіргі заманауи өмірде сымбатты өнер түрлері шеберлеріне қажет екі нәрсені түсінуге болады.

Ал, Қазақстан ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М. Әуезов «Мәдениет һәм ұлт» деген мақаласында, «сымбатты өнер болмаған елде мағыналы тіршілік жоқ. Қандай қауым, қандай тапты алсақ та қаны мен жанының суретін өнер айнасына түсірмей отыра алмайды. Өнерден қуат алмаса, тіршілік шырағы өшеді» – деп нақтылап айтқанды [3, 333 б.].

Егемендік алғанға дейін сымбатты өнер түрлерінің шеберлері және суретшілердің жазған жұмыстарындағы шығармашылық портрет: дереккөздері, материалдары, көркемдік ойлау дискурсындағы формалар социалистік реализм бағытына мойынсұну ықпалында болды.

Осы бір кезеңде сымбатты өнер түрлері тобының шығармашылық ерекшеліктерінің бәрі публицистикалық жанрда бүкіл қоғам мүшелерінің назарын аударатын оқиғалар, мысалдар, типтік фактілерді талдау, сипаттау әдісімен түсіндіріліп өнерге тән ауызша сөйлеу немесе полемикалық ресмиліктен қатты ерекшеленетін жалпыға ортақ жасампаз шабыт болып табылғандығын өнерді ғылыми тұрғыда зерттеушілер және өнертанушылар айтып және жазып отырды.

Заманауи қоғамның сымбатты өнер шығармаларын талдау.

Егемендік алғаннан кейін сымбатты өнер түрлері шеберлерінің бірі Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының әде-

биет және өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, кескіндемеші Амандос Әтибекұлы Ақанаевтың өмірімен шығармашылық жолынан айтуға болады. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен Суретшілер академиясының 15 жылдығына орай ұйымдастырылған әулеттің шығармалары ұсынылған көрме де қылқалам шеберлерінің 60-тан астам «Негізгі бағыт ежелгі қазақ тарихына арналған» теңдесіз туындысы қойылды. Суретші Амандос Ақанаев сөзінде, кескіндеме өнерінің тарихы тереңде жатқандығын және археологтарымыз Тарбағытай жерінде 2700 жыл бойы сақталған үлгісін тапқанын айта келіп қазақ жерінде өнердің дәуірлеуі «Жалпақ тастар мен балбал тастарға қашалған тотемдік бейнелерде айғақтайды» – деген пікірін білдірген еді [4].


Егемендік алғаннан кейін Кеңес Одағы ыдырап, түрлі өнердегі жаңалықтар бір сәтте бізге қарай ағылған кезде өмірдің күрделі шиеленісін толығымен білдіру үшін, сымбатты өнер түрлерін қолданып адамдарды ортақ эмоционалды ортада біріктіретін Ренато Гуттузонның шығармашылығына әуестенген Амандос Ақанаев кейіннен, өз шығармашылығында ізденістер жүргізіп жаңа бағыт алып кескіндеме аясында рельефтік сурет технологиясын жасады. Кенепке, металл, тоқыма, ағаш және басқа да материалдарды органикалық түрде енгізе отырып, композициялық шешімнің табиғилығына қол жеткізеді. Амандостың түс, фактура, металл мен өнердің мәнін шиеленістіре отырып көшпенді Азия мәдениетінің орасан зор көркемдік шежіресінің бағытын нақтылайды.

Әулеттің шығармалары ұсынылған көрмеде «Сәукеле», «Көшпенділер-III» [5, тағы басқа да тақырыптарға арналған картиналары ұсынылып колористік гаммасы әдеттегідей өте нәзік және дәл қойылып тарихи жанрда орындалған шығармашылық жұмыстарын сымбатты өнер арқылы қазақ халқының бойына қалыптасқан тарихи, этномәдени сезімді оятатын қуатты күшті көрсетумен қатар, дәстүрлі кескіндеме өнеріне металл, тоқыма, ағаш және басқа да материалдарды органикалық түрде кескіндемеге енгізе отырып жаңа заманауи өнер мәдениетінің орасан зор көркемдік шежіресінің бағытын нақтылай ұлы дала мәдениетінің өзіндік тарихын дамытып жалғастыруға деген жас ұрпақтың ой-өрісін, рухын көтеріп талаптандыру бағытында жастарға жол ашқаны анық.

Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстанан Шымкет қаласынан шыққан «Қызыл Трактор» көркем тобының ерекшелігі туралы айтар болсақ, шындығында да топтың жұмысы өте «Ұлттық». Былғары, киіз, ағаш және басқа да



Сурет 1. А. Ақанаев. Сәукеле. 1992.



Сурет 2. А. Ақанаев. Көшпенділер – III. 1989.

«экологиялық бейбіт» материалдарды пайдалану мен орындалады. Сымбатты өнер суретшілері бақсылар мен адасқан сопыларға айналып таңғажайып қойылымдар мен дәстүрлі аспаптарда – домбырада, қобызда, бубнада, барабанда музыка ойнау арқылы, әр суретшілердің өздері жасаған аспаптары көне формаларды иеленіп ұлттық өнердің барлық белгілерін айқын көрсете білді.

«Қызыл Трактор» тобы-бұл шын мәнінде, түрлі өнердегі жаңалықтар бір сәтте елімізге қарай ағылған шетелдік алуан мектептерге қарсы, Еуразиялық өнердегі танымының айрықша формасы ретінде, ерекше құбылысты көрсету болып саналды.

1990 жылы Шымкентте құрылған топ елде және шетелде сансыз акциялар өткізіп, Орталық Азия да «өзекті өнер» флагмандарының бірі бола отырып, он жыл жемісті еңбек етті. Шымкент «Фонкор» галереясының сайтында, «Біз жасағанның бәрі Қазақстанның қазіргі заманғы өнерінің тарихына айналды», – делінген [6].

«Тоғыз суретші... мұражай залдарында керемет бір нәрсе жасады... көрме ... біздің заманымыздың өнерінің қуатты өмір құбылысына айналды» - деп жазды өнертанушы Р.Ерғалиева, «Вечерний Алматы» газетінде [7].

Қазір «Қызыл тракторға» қатысушылардың үшеуі қазіргі заманғы өнермен белсенді айналысуды жалғастыруда. Біріншіден, Бұл Қызыл тракторлық «шамандық» эстетиканы дәріптеген Молдақұл Нарымбетов. Оған Арыстанбек Шалбаев жиі қосылды. Топтың үшінші мүшесі Саид Атабеков шығармашылық форматын өзгертті және қазір жаңа медианы жиі қолданады – «Дервиш» бейнесінен қоштаспады» (дервиш – оның бейнефильмдерінің кейіпкері).

Алайда, топ мүшелерінің бірі заманауи суретші Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының аға оқытушысы Арыстанбек Шалбаевтың шығармаларна көрермен назарын аударғмыз келеді. Автордың шығармашылық жұмысына қарап, кейбір қазақ қоғамында болып жатқан маңызды мәселелерді көресің. Суретші әлі күнге дейін заманауи өнер арқылы қоғамдағы көрністерді сынмен баса айтуды қарастырып келеді.

Суретші Арыстанбектің шығармашылық жұмыстары сынның назарынан ешқашан шықпады. Оның шығармашылық тактикасы әдетте көркемдік реставрация, яғни ұлттық бейнелеудің ең тура және қарапайым тәсілі ретінде түсіндіріледі. Кейде бұл анықтама бейтарап, кейде комплиментті болып көрінді – әдетте шетелдік зерттеушілердің мақалаларында – кейде басқаша айтқанда, үстірт, экспорттық мақсаттағы, этнографизм деп айтады.

Алайда, Арыстанбек Шалбаевтың заманауи бағыттағы шығармалары туралы айтар болсақ көрерменге беріліп отырған ерекше көрністердің бірі 3-суреттегі «Жаңа батыр Махамбет» шығармасы. Бұл шығармада «казіргі қазақ елінің бетке ұстаған азаматтары халықымыздың сымбатты өнерін, білімін әлемге танытудың орнына алыс - жақын мемлекеттерге жеріміздегі қазба-байлықты минералдарды сатып бетперде тағып халықтың батыры болғандығын не керек», – деген ойды айтқызып тұрғанын көресің.

Ал, екінші фотосериялық 4-суретте «Кумирлар» немесе «Шабыт алушылар» тақырыбында беріліп отырған шығармашылық жұмысынан сымбатты өнер түрлерінің нұсқаларын пайдаланып өндірістен шыққан заттарға қолану арқылы Қанттың айтқан «еркіндік өнері мен табыс үшін жасалатын өнер» түрлері деген сөзінің шынайылығын шетелдіктердің табыс көзіне айналдырып отырған мағыналы тіршілікті көруге болады.



Сурет 3. А. Шалбаев. Жаңа батыр. Махамбет



Сурет 3. А. Шалбаев. Кумирлар немесе Шабыт алушылар

Қазақстан суретшілері А. Ақанаев пен А. Шалбаевтың заманауи тұрғысында орындалған картиналарында берілген шығарма мазмұны – көрерменді үнсіз әрі таңырқата мойындату мен қатар әрбір адамның бойында табылатын тамаша сезімнің рухын оятатыны белгілі.

Бұл шығармашылық жұмыстар «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының контекстінде еліміздің біртұтас мәдени кеңістігін қалыптастыруда және халықтың рухын, санасын оятуға қосқан зор үлесі болатындығын айғақтайды.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, әр халық өз тарихы мен этномәдениетін сымбатты өнер түрлері арқылы әлемге танытып ұрпағын рухтандыра алмаса, мағыналы тіршілік жоқ болатындығын әрбір қазақ азаматы түсінуі керек. Сондай-ақ, қай ғасырда, қай қоғамда болсын сымбатты өнер түрлері шеберлерінің шығармасында халық даналығы, мінез-құлқы, өмір сүру тәсілі, шаруашылық әдістері, ой-сезімі, нақтылы, күнделікті тұрмыс-тіршілігі, қазіргі жаһанданған заман жас мемлекеттің азаматтарына жаңа талаптар қойып, бәсекелестіктің бәйгесінен қалмау үшін де интеллектуалдық қажеттілігі жоғары жаңа талаптар мен міндеттерді ұсыну басты міндет.

«Сондықтан да мындаған жылдар бұрын туындаған халықтың қолөнері сол өнерді тудырған және сақтаушысы халықпен мәңгілік бірге жасайтыны даусыз» - деген пікір жазылған «Ғұндардың ою-өрнектері: қазақ қолөнеріндегі іздері» деген шешіреде [8].

Қазіргі Қазақстанның сымбатты өнер түрлері ол ұлт санасын қалыптастыру үшін адам бойындағы ұлттық сезімді оятып, өз елінің тарихына, этномәдениетіне деген сүйіспеншілік қуатын тудыруы қажет.

Қазақ халқының зиялы, өнерлі азаматтары қай қоғам алдында да сымбатты өнердің түрлерінен қазақ мәдениетін бірегей өркениетті ғарыш ретінде дамытып, әлемдік мәдени кеңістікке еніп халықымыздың бойындағы интеллектуалды әлеуетін арттыру жолында тіршіліктің көзін ашу.

Әдебиеттер:

1. Сұлтанбаева Г. – URL: <https://www.inform.kz/kz/intellektualdy-azamat-kalyptastyru-gylymikaumga-zhukteledi-g-sultanba-eva> 2853445 (дата обращения 05.04.2022).
2. Кант И. Критика способности суждения // Кант И. Сочинения: в 6 т. – М.: Мысль, 1966. – Т. 5. – 337–341 бб.
3. Әуезов М. Мәдениет һәм ұлт // Әуезов М. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энцикл., 1997. – 332-334 бб.
4. Алматыда әйгілі суретші Ақанаевтар әулетінің көрмесі. – URL: <https://almaty.tv> (дата обращения 05.04.2022).
5. Ақанаев А. «Сәукеле», «Көшпенділер-III». – URL: <https://www.oner.kz/visual-arts/view/7629-akanaevtar-auleti> (дата обращения 05.04.2022)
6. – URL: www.fonkor.com (дата обращения 05.04.2022).
7. Ергалиева Р. «Вечерний Алматы» 1995.
8. by erjanibek × 2019 ж. Тамыз 12.

Г. Б. Қосанова
өнертану магистрі
«Шабыт» Қазақ Ұлттық Өнер университеті
Алматы, Қазақстан
a.n.gul@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ТАРИХИ- МЕМОРИАЛДЫ ДІНИ ҚҰРЫЛЫСТАР ҚАБЫРҒАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК БЕЗЕНДІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйіндеме: Мақалада Қазақстан территориясындағы көне мұсылмандық тарихи - мемориалды діни құрылыстардың қабырғаларындағы көркемдік безендірудің өзіндік ерекшелігі мен маңызы қарастырылады. Негізге алынған тарихи- мемориалды құрылыстар қатарына Алаша хан кесенесінен бастау алып Түркістанның көркем безендіруімен көзге түскен зәулім құрылыс Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне дейін талқыланады. Әсіресе бұл құрылыстардың көнелігімен ондағы көркем безендірудің өміршең болуындағы құпиясы ашылады. Тарихи құрылыстардың шығу тарихына тоқтала отырып, оның қабырғаларындағы ою үлгілерінің өз мән- мағынасымен алынғаны сипатталады. Көркем безендірудегі әр- бір алынған ою үлгісінің мәні мен қасиеті, бояу реңінің ерекшелігі мен сипаты айқындалады. Бой көтерген уақыттарының айырмашылығына қарамастан тарихи- мемориалды құрылыс болып қалыптасуы және бір бірінен айырмашылығы мен ұқсастықтары ашылады. Сонымен қатар, Қазақстан сәулетіне көне заманнан-ақ ортаазиялық аймақтың безендіруі айтарлықтай әсерін тигізгені айтылады, әсіресе бұл Орта Азиямен тығыз байланыста болған оңтүстік аудандарға және исламдандыруға ұшырағандарға қатысты аймақтар екені анық баяндалады. Атап айтқанда, көне мұсылмандық ескерткіштердің халыққа маңызды тарихи оқиғалары мен бой көтерген мекен-жайының қасиеті, бүгінде тарихи құндылыққа айналып отырғаны анықталады.

Кілт сөздер: діни құрылыстар, мемориалды кесене, ою-өрнек, көркем безендіру, тарихы, каллиграфия, семантика, түс.

Аннотация: В статье рассматривается самобытность и значение художественного оформления на стенах старейших мусульманских историко – мемориальных религиозных сооружений на территории Казахстана. В основу историко – мемориальных сооружений положена грандиозная стройка, которая берет своё начало от Мавзолея Алаша хана и украшает Туркестан до мавзолея Ходжи Ахмеда Яссауи. Особенно с древностью этих сооружений раскрывается секрет жизнеспособности художественного оформления в них. Обращаясь к истории происхождения исторических сооружений, описывается, что образцы орнамента на его стенах определены своим смыслом. В художественном оформлении определяются сущность и свойства каждого полученного орнамента, специфика и характер оттенка краски. Несмотря на разницу во времени, оно становится историко – мемориальным сооружением и обнаруживает различия и сходства друг с другом. Кроме того, подчёркивается, что архитектура Казахстана оказала значительное влияние на оформление среднеазиатского региона с древних времён, особенно это касается южных районов, тесно связанных со Средней Азией, и тех, кто подвергся исламизации. В частности, установлено, что древне мусульманские памятники являются достоянием народа, значимыми историческими событиями и достопримечательностями, которые сегодня становятся исторической ценностью.

Ключевые слова: религиозные сооружения, мемориальный мавзолей, орнамент, художественное оформление, история, каллиграфия, семантика, цвет.

Abstract: The article examines the identity and significance of the decoration on the walls of the oldest Muslim historical and memorial religious buildings on the territory of Kazakhstan. The basis of historical and memorial structures is a grandiose construction, which originates from the Mausoleum of Alash Khan and to the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi, which adorns Turkestan. Especially since antiquity, these structures reveal the secret of the viability of the artistic design of that time. Turning to the history of the origin of historical buildings, it is described that the patterns of ornament on its walls are borrowed with their own peculiar meaning. The artistic design determines the essence and properties of each received ornament, the specifics and character of the shade of paint. Despite the time difference, it becomes a historical and memorial structure and reveals differences and similarities with each other. In addition, it is emphasized that the architecture of Kazakhstan has been significantly influenced by the design of the Central Asian region since ancient times, especially in the southern regions, closely connected with Central Asia, and those who have undergone Islamization. In particular, it has been established that ancient Muslim monuments are the property of the people, significant historical events and sights that are becoming historical value today.

Keywords: religious buildings, memorial mausoleum, ornament, decoration, history, calligraphy, semantics, color.

Қазақстан территориясындағы тарихи-мәдени мұра болып сақталған көне ескерткіштердің бүгінгі қоғамдық өмірінде ерекше маңызға ие бола алатын орны бар. Олар халық, ел арасында үлкен құрметке ие болып, өзінің ерекше көркемдік безендіруімен көзге түскен мәдени мұра ескерткіштері болып табылады. Атап айтқанда, көне ескерткіштердің халыққа маңызды тарихи оқиғалары, бой көтерген жерінің қасиеті, бүгінде тарихи құндылыққа айналып отырғаны ақиқат. Қазақ жерінде көне заманнан бой көтерген тарихи - мемориалды діни құрылыстар жетерлік. Олардың барлығын түбегейлі тізіп шығу мүмкін емес-ау. Өзінің көркемдік безендірумен, ою өрнек үлгілерімен әлі де таң қалдыратын бірегей діни құрылыстардың оншақтысын жіктеп алып қарастыруға болады. Аталмыш ескерткіштер өзгеге ұқсамас тарихымен, қасиетті орынымен, ою-өрнектеу дәстүрімен ерекшеленеді.

Қазақстан сәулетіне ортаазиялық аймақтың безендіруі айтарлықтай әсерін тигізді, әсіресе бұл Орта Азиямен тығыз байланыста болған оңтүстік облыстарға және исламдандыруға ұшырағандарға қатысты аймақтар еді.

Одан кейінгі жылдары ислам Қазақстан аумағында христиандық, зороастризм, тілдік сенімдер (аспанға, жерге және суға табынуы) сияқты діндермен ымыраға келе бастады. Адамдар ата-бабалардың рухтарымен, ал бақсы (шаман) аруақтарпен байланысады және олардан көмек сұрай алады деп сенді. Ата-бабалардың аруағы өз көрінісін исламда тапты, осыған байланысты Қазақстан аумағындағы көптеген көне сәулет ескерткіштері белгілі адамдардың өлімінен кейін салынып, аруақтарға арналды деуге болады. Бұған Қожа Ахмет Яссауи, Алаша хан, Арыстан-Баб, Айша-бیبі және т.б. қазақ жерінде бой көтерген кесенелері мысал бола алады (сурет 1, 2, 3, 4).

Түркілер арасында ислам діні Х ғасырдың екінші жартысынан бастап жылдам жайылып, моңғол-татар шапқыншылығынан кейін де біраз түркілер ислам дінін қабылдаған [1].

Сол кезде еуропалықтар Темірдің өнер туындыларына, қалалары мен медреселеріне, мешіттеріне таң қалды. Ол, оның алғашқы билеушілері сияқты мұсылман сәулетін, парсы немесе араб құрылыстарына ұқсатпай жасады. Сәулеттік құрылыстардың қабырғаларындағы ою үлгілері сан алуан, мағнасы өзіндік дара болды. «Бұл мұсылмандық семантикалық көркем әдістің екі сатылы мағынада құрылуында болды. Мұндағы сыр - суретшінің көркемдік әдісінде негізгі басшылыққа алып отырғаны «бейненің» мәдениет аясы мен табиғат аясында берілуі. Кейінгі мұсылман ойшылдарының әлем жаратылысы туралы космогониялық түсініктерінде ол жалғасын тапқандығын көруге болады. Осы негіз бойынша ежелгі ою-өрнектердің семантикасы көзге ілініп талқылана бастады.

Қазақстан территориясындағы Темірдің ең үздік шығармасы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі болып табылады. Кесененің үш қабырғасынан өткен эпиграфты фризде Құран Кәрім сүрелері мен аяттары жазылған. Қабірдің есіктері жұқа темірмен көмкерілген, оған алтын жазулар жазылған. Мешіттің батыс қабырғасында Меккедегі Қағбаға ұқсас мозаикалық михраб орнатылған, 3,5-2,5 метр көлеммен белгіленген (сурет 1) [2].

Діни құрылыстардың қабырғаларындағы көркемдік безендіру түстерімен де ерекшеленді. Осы жөнінде «Воздействие среднеазиатских регионов на архитектуру Казахстана» атты еңбекте: Ал қызыл бояу, таза ақ фонда таңқаларлық және өміршең дыбысталатын болады. Қызыл түстің жарықтығын сары және жарқыраған реңктер жұмсартады, олар қызыл түстермен бірге жалпы жылы (тіпті «ыстық») түс береді, ал суық көк және жасыл көк бөлшектері қызыл түстің «жарқырауын» және «ағаш бұтақтарының» бүршіктенуін меңзейді. Бізге бұл мемориалдық құрылыстардағы басым ақ-қызыл түсті бояу реңі, басқа түстердің қосылуымен ерекшеленіп, бай кездейсоқ түс емес, арнайы ойластырылған екендігін аңғартады. Қазақ мәдениетінде екі түрлі түстер белгілі деуге болады және олар бір символға иелік етеді. Ақ түстің көмегімен қасиетті тазалық, жарық, асылдық, үйлесім, сәттілік, заңдылық туралы ұғымдар байланысты. Қызыл түс арқылы ол құмарлықты, өмірді, энергияны және қан мен соғысты бейнелейді. Бірақ ақ түс бір жұпта қос жүйені құрайды, оның жалпы мағынасы «өмір» түсінігімен айқындалады [3].

Мешітке кіргенде, ішкі қабырға кеңістігінің бос болмауы үшін әсіресе өрнектерге назар аудару мақсатында көркемдік безендірумен көмкерілген. Арнайы орындалған ерекше өрнек үлгілері ең керемет жаратылыстардың әрекеті барысында жердегі киеліліктің сезімін тудырады. Мұсылмандық мәдениет антикалық кезең өнеріндегі секілді сурет немесе мүсін тәріздес пластикалық өнер туындыларын тудырмады. Оның себебі, Ислам сурет немесе мүсін кейпіндегі тірі жан бейнесіне қарсы, сондықтан олар өрнектер кейпінде берілген. Өзге түсінікке сүйенсек, арабтың – мұсылмандық мәдениеттегі пластикалық өнер эквиваленті – каллиграфия мен миниатюра болып табылады. Ислам әлемінде каллиграфия жоғары бағаланып, каллиграфтар жоғары мадақтауларға ие болған. Осыған орай, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің исламмен байланысы араб каллиграфиясындағы сульс жазуымен жазылған үлгіні Тайқазаннан бақылауға болады. Мұндай жазу үлгілері Қағба қабырғаларынан көрінеді. Табиғат әлемі мен адамдар әлемін игеру мұсылман бейнелеу өнерінде қарапайымнан

күрделіге, табиғаттан Адамға сатылы өзгеру арқылы келеді. Әрбір бейнелеу формасы өз кезегінде көркемдік санамен озық араб графикасының негізінде қиылыстырылып отырады (сурет 5) [4].

Сонымен қатар мұсылман діни ғимараттарының қабырғаларындағы ежелгі ою-өрнектер, өз уақытының ағымымен керемет орындаған шеберлер әдіс тәсілдерінің өміршендігімен сәйкес келеді. Оның негізінде халқымыздың көне бұйымдарындағы ою-өрнектер үлгілері айқын көрсетілгендігі көрінеді. Мұндағы ою-өрнектер бедері сәулеттік құрылыс қабырғаларында өзіндік мәнін аша білгені үлкен талғаммен шешілді. Әрбір жануар мен өсімдік қасиеттеріне байланысты тақырыптық мәні бар, композициясы сәйкес, симметриялы, асимметриялы, колоритке бай, ырғаққа толы және философиялық мәні басым көріністер пайда болды. Әр құрылыс безендіруде ұстамды композиция бар екенін байқауға болады. Берілген әр композицияда ою-өрнек жасау барысында симметрияның маңызы зор. Оның екі жағы симметрия заңын ұстануы керек. Кез келген ою-өрнек симметриялы болуы шартты. Сонымен қатар ол жүйенің құрылымы символдардың тарихнамасын баяндайды. Ою-өрнек және оның бедерленген ғимаратының өзара ажырамайтын байланысы болады. Безендіру белгілі бір мәні бар, мағнасы терең көрініс жасайды. Жалпылама қарастыратын болсақ әлемдік ою-өрнектің басы белгілері, негізінен геометриялық символдардан тұрады. Олардың қатарында нүкте, сызық, шаршы, шеңбер, эллипс және т.б. фигуралардан тұратын пішіндер орын алады. Осы пішіндер меандр, свастика сияқты ою-өрнектермен алмастырылып өзгеріске ұшырап отырады (сурет 6).

Қазақстан территориясындағы тарихи-мемориалды кешендерін ою-өрнектеу дәстүрінде кең таралған ою-өрнекті сарындары арасында көбінесе үш-жапырақтар, жүрек тәрізді жиектелген пальметтер, жартылай белгілері бар толқынды сабақтар, солярлық белгілер, S-тәрізді бұйралар және мүйіз тәрізді спираль кездеседі. Осы сарындардың көмегімен бай ою-өрнекті декор жасалады. Барлық аталған элементтен – мүйіздік бұйра дамиды. Ол қошқар мүйізін де, өсімдік жапырағын да, су ағынын да, құс қанатын да көрсете алады деген түсінік туындайды.


Сонымен қатар осылай гүлдену кезеңі көбіне ортағасырлық Қазақстан еншісінде деуге болады. Көне ғимараттардың көпшілігі дерлік осы кезеңмен тұспа-тұстығы анық. Көрнекті сәулет кешендерінің даму үрдісі өзіндік сатымен жүріп отырғанын бақылауға болады. Олардың орындалу тәртібі тек интерьері мен экстерьерін безендірумен ғана шектеліп қоймағаны байқалады. Кесенелердің тек келбеті ғана емес, рухани дәрежесі де мағналы екендігі көрінеді. Күні бүгінге дейін қасиетін жоғалтпағаны белгілі. Қазақстанның ортағасыр тұсында тарихи-мемориалды діни құрылыстарды көркем безендіру арқылы өз елінің көркемдігін асқақтатып, беделін айшықтай білген.

Әдебиеттер:

1. Қолжазба – Әл-Фараби Қазақ ұлттық университеті. – URL: [www.kaznu.kz › content › files › pages › folder17928](http://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder17928) (дата обращения 08.01.2022).
2. Художественная культура. – URL: <http://bibliotekar.ru/culturologia/31.htm> (дата обращения 08.01.2022).
3. Воздействие среднеазиатских регионов на архитектуру Казахстана 2010.
4. Таня ал-Харира-Вендель. Символы ислама / пер. с нем. – СПб.: Издательство ДИЛЯ, 2005. – 188 с.



Сурет 1. Қожа Ахмет Йассауи сәулеті. XII–XIV. Түркістан



Сурет 2. Алаша-хан мөвзoleyі. X–XI. Орт. Қазақстан



Сурет 3. Арыстан баб кесенесі, XII–XIII ғ.ғ. Түркістан



Сурет 4. Айша бибі мавзолейі XI–XII. Жамбыл областы



Сурет 5. Қожа Ахмет Йассауи сәулеті. Тайқазан



Сурет 6. Ою-өрнектер үлгісі

Л. А. Кенжебаева

өнертану магистрі

Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-сының

аға оқытушысы

Алматы, Қазақстан

Leyla.abdygani@mail.ru

ЕСТАЙ ДАУБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАР

Түйіндеме: Мақалада ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, белгілі суретші-зергер Естай Даубаевтың қазіргі таңдағы ұлттық қолөнер тарихының дамуына қосқан үлесі жайлы айтылады. Сонымен қатар суретшінің бірқатар шығармашылық еңбектері мен кәсіби зергерлік өнері саласындағы жетістіктері жан-жақты қамтылады. Шебердің жасаған қолөнер бұйымдарындағы композициялық ізденістері мен қолтаңбалық мәнеріне, көркемдеу тәсіліне кеңінен ден қойылады. Естай Даубаевтың жек шығармашылық көрмерлеріндегі жұмыстарына өнертану тұрғысынан талдаулар жасалынады.

Кілт сөздер: қолөнер, зергерлік өнері, әшекей бұйымдары, нақыш, композиция, суретші, инкрустация, дәстүр, шығармашылық, стиль.

Аннотация: В статье рассказывается о вкладе заслуженного деятеля культуры РК, известного художника-ювелира Естай Даубаева в развитие истории современных национальных ремёсел. Также будет освещён ряд творческих работ и достижений художника в области профессионального ювелирного искусства. Большое внимание уделяется композиционным изысканиям и творческой манере. Работы Естай Даубаева на частных творческих выставках анализируются с искусствоведческой точки зрения.

Ключевые слова: ремесло, ювелирное искусство, украшения, гравюра, композиция, художник, инкрустация, традиция, творчество, стиль.

Abstract: The article describes the contribution of the Honored Worker of Culture of the Republic of Kazakhstan, the famous jeweler artist Estai Daubayev to the development of the history of modern national craft. A number of creative works and achievements of the artist in the field of professional jewelry art will also be highlighted. Much attention is paid to compositional research and corporate style, the manner of artistic design in the works of needlework created by the master. The works of Estai Daubayev at private creative exhibitions are analyzed from an art criticism point of view.

Keywords: craft, jewelry, engraving, composition, artist, inlay, tradition, creativity, style.

Ел ішінде «Бүгінгі болашаққа кешегінің көзімен қарама, бүгіннің биігінен үңіл», – деген нақыл сөздер бар. Ұлттық мәдениетіміздің дәстүрлі зергерлік өнері халқымыздың тарихымен, дүниетанымымен үндесе дамып келеді. Тамырын тереңнен алатын бұл өнер атадан-балаға, ұстаздан шәкіртке ауысып ғұмырын жалғастыруда. Заман ағымына қарай зергерлік кәсіппен айналысып жүрген суретшілер өзіндік идеялық ізденістерінде ұлттық мәдениетті, өнерді, дүниетанымды, дәстүрді тануға ауқымды тәжірибелер жасауда. Осындай ізденіспен ұлттық деңгейдегі қазақ зергерлік өнерінің ерекшелігін танымал суретші Естай Даубай өзінің шығармашылық туындыларымен дәлелдеп келеді.

Естай Даубаев – ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Карл Фаберже

халықаралық қоры орденінің кавалері, М. Перхин атындағы орденнің кавалері, 1999 ж. «Жігер» сыйлығының лауреаты.

Суретші алғашқы шығармшылық жолын Алматы қаласындағы Гоголь атындағы көркемсурет училищесіне оқуға түсуден бастайды. Кейіннен Алматы Театр көркемсурет институты мен Абай атындағы мемлекеттік институтында жалғастырады. Оқуды ойдағыдай тәмамдаған жас маман 1993 жылы алғашқы еңбек жолын ҚР Орталық мемлекеттік мұражайында суретші-рестовратор маманы ретінде бастайды. Бұл суретшіге берілген тарихи жәдігерлерді зерттеп-зерделеуге деген таптырмас мүмкіндіктердің бірі болды. Естай мұражай қорындағы зергерлік бұйымдардың өңірлік ерекшеліктерін жете зерттей жүріп, тәжірибе жинақтай бастайды.

2010 жылдан бастап Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының «Сәндік-қолданбалы өнер» факультеті, «Көркем металл» кафедрасында ұстаздық қызметін атқаруда.

1999 жылы Естай Даубаевтың «Жігер» атты халықаралық байқауда шағын пластикада орындаған қоладан жасалған «Жеңіліс тапқан жауынгер» атты туындысы бірінші орынды иеленді. Бұл жұмыста суретші өзін тек зергер ғана емес мүсіншілік қырынан да танытты.

Естай Даубаев – қазақ қолданбалы өнеріндегі тері мен металдан жасалған бұйымдардың дәстүрлі үлгілерін (қару-жарақ, әйелдер зергерлік әшекей бұйымдары, әйелдер мен ерлер белдіктері, ат әбзелдері, ер-тоқыманың әр түрлі үлгілерін, айбалта, асатаяқ, ақинақ, қылыштар) сақтауға және қайта қалпына келтіруге ұмтылатын мұрагер. Оның жұмыстарында бұйымдарды безендірудің дәстүрлі пішіндері мен тәсілдері мұқият сақтала отыра, ою-өрнек мазмұнды талғаммен таңдалып, күміс пен алтынды біріктіре отыра, жарық пен көлеңкенің ойнақы үйлесімділігі қолданылады. Зергерлік бұйымдар жасауда күміс пен алтын, асыл тастар, жартылай асыл тастармен әрлеуде шеберлердің көне әдіс-тәсілдерін заман талабына сай қолданады. Суретшінің барлық шығармалары үшін формалардың айқындылығына, эстетикалық мәнерлілікке, монументалды тұтастыққа ұмтылу тән.

Естайдың ең танымал шығармаларының бірі – «Қалыңдық сәукелесі» 2013 ж. (сурет 1). Суретшінің айтуына қарағанда бұл шығарманы жасауда шебер бес жылдай уақыт тер төккен. Бұнда үш жүзге жуық әшекейлі бөлшектер қолданылған. Әр бөлшекке жете көңіл бөлінген. Күмістен құйылған жапсырмалар ортақ композицияға біріге бас киімге жиналып орналастырылған. Сәукеленің негізгі бөліктері – тәж, төбе, құлақбау және артқы бойы. Бас киімнің төбесі қиық конус тәрізді болып келген. Оның төбесінде «Тәж» деп аталатын жартылай дөңгелек айдары бар. Түсі дәстүрлі қызыл барқыт матадан тігілген. Салтанатты бас киімге ақықтан көз орнатылып, қосымша маржан тастардан құралған әшекей жапсырмалар тағылған. Қалыңдық бас киімінің биіктігі екі сүйем, төменгі бөлігі құндыз терісімен әдіптеліп, күмістен құйылған шашақ баулармен көркемделген. Жоғарғы жағы жіңішкеріп, төбесіне тәж айдары орнатылғын. Сәукеленің екі жақ тұсына жас келінді тіл-көзден сақтайтын үкі қауырсыны тағылған.

Зергерге аса қажетті қасиет-суретшілік дәлділік, икемділік, ептілік және

талғампаздық. Сондықтан Естай өзінің болашақ жұмыстарын жасауда көп ізденіп, тәжірибе жасаудан жалықпайды. Әр бұйымның дәстүрлі үлгісін жасауда оның маңыздылығы мен қызметіне аса мән береді. Ол өз еңбектерінде ұлттық нақыштардың жоғалып кетпей қайта жаңғыруына барынша үлес қосуда.

Суретші үнемі ізденіс үстінде жүреді. Оның тәжірибесінде сәукеленің саф күмістен зерлеп жасалған шағын үлгісін де кездестіруге болады. Соның бірі «Күміс сәукеле» 2013 (сурет 3) алғашқы сәукеле үлгісінен едәуір шағын әрі заманауи сәнді етіліп жасалған. Сыртқы пішіні конус тәрізді болып келген бас киім жапсырмалы сегіз бөліктен құралған. Әр бөлік кесте өрнегіне ұқсас өсімдік мәнердегі ою-өрнектермен көркемделген. Сәукеленің төбесіне күмістен өте нәзік етіп жасалған құстың қауырсынын таққан. Суретші Естай Даубаевтың айтуына қарағанда сәукеленің бұл үлгісін бүгінгі дәуірдің сәнқой қалыңдықтарына арнап жасаған екен.

Бүгін де суретшінің қазақ ұлттық қолөнерінде бейнеленген көркем туындылары дүниежүзілік мәдениетпен ұштасуға ықпал жасады. Ескіріп естен шыққан көне бұйымдарды қайта тірілтіп кейінгі ұрпаққа насихаттауда Естай Даубаевтың еңбектерінің үлесі аса зор. Скипитер-перғауындар заманынан бергі биліктің ежелгі символдарының бірі. Оның прототипі әл-ауқат пен байлықты нышаны болды (оның қазақ мәдениетіндегі аналогы «Аса таяқ» деп аталады). Кейінгі дәуірлерде еуропалық билеушілер оны патша билігінің атрибуты ретінде қолдана бастады. Қазақтар бұл ежелгі дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келеді. Сондай ерекше туындылардың қатарын шебердің қайта жаңғыртқан кезекті шығармасы хандар ұстайтын асатаяқ. Биіктігі 1 метр 80 см. Асатаяқ «Бірлік» деп аталады 2015 ж. (сурет 5). Асатаяқ үш бөліктен құралған. Әр бөлік ерекше сәнді ою-өрнектермен өрнектеліп көк және ақық тастармен көркемделген. Асатаяқтың жоғарғы бөлігіндегі күмбезді композициядан киіз үйдің шаңырағын көреміз. Бұл асатаяқтың үлкен түріне жататын үлгісі. Әдетте үлкен асатаяқты хандар халықтың алдында өкім шығарғанда қолдарына ұстаған екен.

Шебердің кезекті туындыларынан асатаяқтың шағын үлгісін де кездестіруге болады (сурет 4). Оның алғашқы нұсқасынан ерекшелігі салмағы жеңіл әрі өте сәнді етіліп жасалған. Екіншіден оның суық қару ретінде жасалған үшкір жүзі бар, сондықтан арнайы қабымен жасалған. Мұнда зергерлік өнерінде қолданылатын ең күрделі технологиялық әдістерді байқауға болады. Олар қалыпқа салу, өрнек жүргізу, тас салып құрастыру, қарайту, металды бұрап тоқып жапсыру, ою ойып жапсыру балқыту және зерлеу. Шебер әр шығармасын орындамастан бұрын оның атқаратын міндетін, мағынасын, ерекшеліктерін қатаң қадағалап отырған.

Естай Даубаевтың жасап шығарған қолөнер бұйымдарын 18 ғасырда кездесетін құнды дүниелерімізге өте ұқсас екенін көреміз. Бұл суретшінің бойындағы зерттеушілік қабілетін байқатады. Мұнда суретшінің шығармашылық талпынысы ұлттық өнердің мазмұнын байытуда тынымсыз ізденуімен бірлесіп жатыр.

Орталық Азияның басқа халықтарының дәстүрлерімен көп ұқсастығы бар қазақ зергерлік өнері бүгінде ерекше және танымал болып қала береді. Ол мүсіндік экспрессивтілікпен, пішіннің айқындығымен, кеңістік пен симметрия сезімімен, металдың күші мен тектілігін, тастардың сұлулығы мен сиқырын

6. Кішікбеков Д. *Қазақ менталитеті. Кеше, бүгін, ертең*. Алматы: Ғылым.

М. Б. Джабықбаева

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы кафедрасының оқытушысы

Алматы, Қазақстан
meruert@inbox.ru

ЖАС МҮСІНШІЛЕРДІҢ ЖАҢАШЫЛ ҚОЛТАҢБАСЫ

Түйіндеме: Мақалада автор Батыс Еуропалық және қазақ мүсін өнерінің қалыптасу жолдарын қарастырады. Сонымен қатар жас суретшілердің мүсінін сипаттап, талдайды. Мүсін өнерінің даму тарихына тоқтала отырып, ескерткіш оның материалдары мен технологияларының әртүрлі ерекше тәсілдермен жасалғанын анық көрсетеді. Жас суретшілердің туындылары өзіндік ерекшеліктері бар нағыз композициялық зерттеу жұмысының жемісі деп түсінуге болады. Шығармалардың мүсіндік және пішіндік негіздері қазақ мүсін өнерінің алдыңғы буын мүсіншілерінің туындыларына ұқсас, оны жаңашыл қырымен көрсетеді. Мүсін өнеріндегі композициялық шешімдер сюжеттің мәнін ашып, дербес шығармалар ретінде қарастыра отырып, сюжет атауын негіздейді.

Кілт сөздер: бейнелеу өнері, мүсін, өнер, монумент, силуэт, композиция, форма, бейне, бояу, материал, кесіп, ойып, қашау, дүние, сурет, ескерткіш.

Аннотация: В статье автор рассматривает пути формирования западноевропейской и казахской скульптуры. Кроме этого, он описывает и проводит анализ скульптуры молодых художников. Акцентируя внимание на историю развития скульптуры, памятник наглядно показывает, что его материалы и технологии выполнены разными уникальными способами. Можно понять, что работы молодых художников являются результатом настоящей композиционной исследовательской работы со своими особенностями. Скульптурные-формы основы произведений сходны с работами скульпторов предыдущего поколения казахского искусства ваяния проявляя его со своей новаторской стороной. Композиционные решения в скульптуре раскрывают смысл сюжета и обосновывают название сюжета, рассматривая их как самостоятельные произведения.

Ключевые слова: изобразительное искусство, скульптура, искусство, монумент, силуэт, композиция, форма, образ, краска, материал, порез, гравировать, вырезать, мир, рисунок, памятник

Summary: In the article the author considers the ways of formation of Western European and Kazakh sculpture. In addition, he describes and analyzes the sculpture of young artists. Focusing on the history of the development of sculpture, the monument clearly shows that its materials and technologies are made in different unique ways. It can be understood that the works of young artists are the result of a real compositional research work with its own characteristics. The sculptural and shaped foundations of the works are similar to the works of the sculptors of the previous generation of the Kazakh art of sculpture, showing it with its innovative side. Compositional solutions in sculpture reveal the meaning of the plot and justify the name of the plot, considering them as independent works.

Keywords: visual arts, sculpture, art, monument, silhouette, composition, form, image, paint, material, cut, engrave, cut, world, drawing, monument

Бүгінгі күні мүсін өнерінің алатын орны ерекше. Мүсіндер бізді жан-жақтан қоршап тұр деп айтамыз. Қала алаңдарындағы ескерткіштерге қарап өткен өміріміздегі тұлғаларды, ел аузындағы аңызды, ертегілерді еске алуға болады.

Қадым заман өнерінде адамдар тастан жасалған мүсіндердің жаны бар деп есептеген. Яғни тастан жасалған мүсінге жан беру, ол мүмкін бе? 243

деген сауалға жауап: «Мүсін» – ол кесіп, ойып алу, қашау деген ұғымды білдіреді. Шебердің тек жеке материалды ойып, қашау барысында алынған бейнеге берілседе, кескіндемеші түрлі-түсті бояу арқылы жазық кенепте бейнелеп көрсетеді. Ондағы дүниелерді қолмен ұстай алмайсың және басқа жан-жағынан жұмырлығын байқай алмайсың, өйткені ол жазықтықта бейнеленген көрініс. Ал мүсін өнерінде нақты кеңістік пен көлем шынайы. Сол себепті мүсін өнерін пластикалық өнер деп атайды (пластика сөзі гр.plastinos – мүсіндеу, сомдау, жасау, жабыстыру) деген ұғымды білдіреді.

Мүсін өнері қазіргі таңда үшке бөлінеді: монументталды, қондырғылы және монументті сәндік. Монументтік мүсіндеу – бұл ұлы адамдардың немесе тарихи оқиғаларға орнатылған, асқақ, келісті ескерткіштер. Монументті – сәндік шығармалар әдетте жеке ансамбльдің, алаңның немесе демалыс орындарының сәулеттік композициясының жиынтығы болып табылады. Оның сәулет өнерімен ортақ жайттары бар. Мүсінші композицияға қоршаған ортаны кіргізе алмайды, кеңістік тереңдігін бере алмайды, бәрі де фигуралардың өзімен – олардың формаларының жинақталуымен, материалымен, фактурамен білдірілуі тиіс. Қаланың сәулетімен, оның алаң, көшелерінің кеңістігімен байланысты болып келетін монументтік мүсінде образдың жинақтылығы, оның аллегориялығы ерекше айқын көрінеді. Ескерткіштер ұзақ ғасырларға арнап салынады, сондықтан олардың бірегей де біртұтас образы өз уақытының үлкен идеяларын нақтылы түрде көрсетуге тиіс. Мүсіндер өздерінің формалары жағынан қарапайым да айқын болуы, алыстан оңай қабылданатындай әсерлі силуэтке ие болуы тиіс. Мүсінге материал таңдау да ешқашан кездейсоқ болмайды. Бұл – образдың құрама сипаттамаларының бірі, суретші жұмысты ой елегінен өткізе отырып, оған арналған белгілі материалды да міндетті түрде есте сақтайды. Суретші образдардың, өмір шындығының типтік жағын таңдап ала отырып, заманның тыныс-тіршілігін жинақтап, жан-жақты бейнелейді. Адамзат өмірінде бейнелеу өнерінің маңызы өте үлкен, оның қоғам өміріндегі рөлі де аса зор. Суретшінің сұлулықты дұрыс түсіне білуінің маңызы зор. Біреулер кемелдікке суреттің композициялық құрылысы арқылы, енді біреулері кескіндемелік құрылысы арқылы ие болады. Бәрін бірдей үйлестіріп келтіру барлық адамның қолынан келе бермейді. Әр суретшінің шығармасы оның өзіндік ерекше белгілерімен, қолтаңбасымен айқындалады.

Тіпті қайта өрлеу кезеңіндегі итальян мүсіншісі Микеланджело Буонароттидің «Давид» және «Пьета» атты монументті жұмысы бүкіл әлемге танылды [1, с. 70] Лоренцо Гиберти, Антонио Канова, Джовани Дюпре т.б. көптеген мүсін шеберлерін атап кетсек болады.

Ал өзіміздің қазақ елімізге оралсақ, қазақ мүсін өнерінің қалыптастырушысы Хакімжан Наурызбаев (1925–2009 ж.ж) Парасат кавалер орденінің иегері. Өзінің өнегелі өмірімен, ерлігімен, еліне жасалған қызметі мен елеулі із қалдырған қазақ халқының танымал батырларының, ғалымдарының, жазушыларының көптеген мүсіндерін Хакімжан Наурызбаев түймедей түйіп, шебер сомдап шығарды. Олар: Сәкен Сейфуллин, Ахмет Жұбанов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мәншүк Мәметова, Сералы Қожамқұлов, Кәмшат Дөнентаева, М. Алтынбаева, Н. Алдабергенов т.б. 300 ден астам жұмысы бар. Шебердің қолдарынан керемет дүниелер келген бірнеше мүсіндерге тоқталып өткеніміз жөн болар. Солардың ішінде ең танымал жұмыстары: «Абай Құнанбаев» (1960) ескерткіші, «Ш.Уәлиханов» (1969) Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының алдында орналасқан биіктігі 8 м, «Ж. Жабаев» ескерткіштері тұлғалық мүсінге жатады.

Осы кезеңдегі басқа да көптеген қазақстандық мүсіншілердің көсбасшы ретінде Е. Т. Мергенов шығармашылығын атап өткен жөн. Суретшінің шығармалары оның жұмыстарында көркемдік бейненің тууына белсенді қатысатын, негізгі материалды пластикалық өңдеумен тең келетін, кеңістікпен батыл эксперимент жасауға талпынуымен ерекшелінеді. Мергеновтың жұмыстары шын мәнінде ұлттық тақырыптарды аттап өтіп, қазіргі қоғам мен адамның диалектикасын және ұдайы жүріп келе жатқан күрестерді, материя мен рухтың арасындағы қарама-қайшылықтарды, жеке тұлғалардың көзқарастары мен жаһандану заңдылықтарын көрсететін жалпыадамзаттық игіліктерге айналды [3,6].

Астана қаласындағы Есіл өзені арқылы өтетін көпірлерде орналасқан Төлеген Досмағанбетовтық «Барыс» мүсіндері, бұлар да сәндік монументальды мүсінге жатады. Мүсін тек бір ғана фигурадан емес екі немесе одан да көп фигурадан тұруы мүмкін. Солардың бірі, біздің қаламызда Достоевский мұражайының іргесін де орналасқан қоладан жасалған «Ш. Уәлиханов пен Ф. Достоевский» мүсіндері.

Алматы қаласындағы М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік драма театрының алдына қойылған М. Әуезовтың ескерткішін сомдаған Е. Серкебаев. Бұл мүсінде жазушының күрделі де, санқырлы ішкі әлемін барынша ашқан. Суретші С. Айтбаевқа арнаған жұмысында жанрлық композицияның әртүрлі бөлшектері: суретшінің дене бітімі, мольберт алдындағы қимылдары кеңістікпен астасып кетердей көрінетін болмысын көрсетудің баяндау әдісін қолданған [3,7].

Мүсінді негізге алып өз шығармашылығына арқау еткен жас мүсіншілер тобы: Қабыл Азамат, Шәкен Ақылбек, Сапабеков Жандос, Даниярова Қаламқас, Нығымбетов Ержан.

Соның бірі жас мүсінші Қабыл Азаматтың «Егіз қозы» тақырыбы атты мүсіндік композициясында, әлемге жарқын жүзбен қадам басып келе жатқан, ұзақ күн мал бағып, далада жүрген бала жігіт табиғат әсемдігін танып, сұлулықты бойына сіңіріп өскен жас баланың бейнесі сомдалған.

Туындыдағы баланың күйінен, киген киімінен ауылдық өмірден алынған күнделікті таныс көрініс. Үстіне киген қалың тоны, екі қолына қысып ұстаған егіз қозысы қиын-қыстау кезең екендігін хабар етеді. Жүрекке жақын, қазақи иісті, кең байтақ даланы осы композиция, халқымыз үшін қашанда жанды тербетер ауыл тақырыптарының бірі. Бұл ретте жас мүсіншінің да жүрегіне жақын, түсінікті тақырып екеніне көз жеткіземіз. Ондағы баланың күйінен ауылдың ешқайда асықпайтын сабырлы күйбең тіршілігі, сықырлаған қар, бізді ойландыратын суық ауа күркесінде ара-тұра иттердің еріне үргені будақтаған түтіннің иісі, кешкі қораға кірер алдында жайылып, жемделген мал бәрі ауылдық өмірден алынған күнделікті таныс көріністерін хабардар етеді. Автормен көзделген тұрмыстық жанр дәл осы күнделікті таныс көріністерге сағыныш толы, лирикалық көңіл – күйді беру мақсатында орындалған. Мұндай мақсатқа жету үшін жас мүсінші композиция құрылымын ұстамды да байыпты етіп шешуге тырысқан. Бұл жердегі екі қозыны қолтықтап келе жатқан баланың бейнесі, киім қыртыстары, денесінің кескін-пішіні айқын байқалады. Баланың обрызына назар аударсаң, ондағы жас баланың тазалығын періште жымиысын көруге болады (сурет 1).

Тарихта орын алған оқиғаларға өзіндік көзқарасын білдірген тағы бір жас мүсінші – Шәкен Ақылбектің «Жекпе-жек» мүсіндік композициясы ескірмес тақырыптарының бірі. Автормен көзделген туындыдан Отанға деген патриот-

тық сезім байқалады. Тақырыбы ортақ екі бөлек композицияда ортақ деталь бар, үстіне киген сауыттары мен қолдарына ұстаған қару жарақтардың сомдалуы. Астына мінген жылқының күйін көрсетудің өзі жас буын мүсіншілер үшін қашанда қиынға соғып жататаны белгілі. Осыған қарамастан жас мүсінші біраз жетістіктерге қол жеткізгенін атап кету керек. Туындыға қарап отырып жылқылардың динамикалық қозғалысын, үстінде отырған жекпе-жекке шыққан батырлардың күйін бір-біріне бағытталған семсер қаруды беру мақсатында композиция құрылымын ұтымды да үйлесімді етіп шешуге тырысқан. Мұндағы әрбір элемент өз орнын тауып, көңілге қонымды көрінеді. Автордың көзімен шынайы бейнеленген әр зат нағыз композициялық ізденіс жұмысының нәтижесі екенін аңғаруға болады. Композицияның бір-біріне қарсыласып тұрғанның өзі тақырыптың мән-мағынасын аша түсіп, тақырып атауын ақтағанын айтып, өзіндік дербес жұмыс ретінде қарастыруға болады.

«Абылай хан» тақырыбындағы қондырғылы мүсін өнерінде орындалған – жас мүсінші Сапабеков Жандос. Жұмысы арқылы мүсін өнеріне тән пластикалық, динамикалық ерекшеліктерді толығымен көрсетуге талпынған. Тарихи бейнелер негізіндегі хан бейнесін жасауда жас шебер ерекше ынталы шеберлігін айқындай білген. Хан бейнесін сомдауда дипломант оның бар болмысын ашу үшін мінездік, тұлғалық келбетін алға отырып пішіндеуге көшеді. Мүсіннің негізгі ұтымдылықтарының бірі болып пластикалық негіздер алға тартылады. Туындыдағы тарихи бейне жасау негіздері қайталанып келетін қалыптық ретпен өрілген. Яғни бейнелеу өнерінің барлық саласында өрнектелініп табылған тарихи Хан Абылайдың бейнесінің тұрақтылығына тоқталады. Тек пішіннің пластикалық негізді ғана қолданып ханның характерлік ерекшелігін көрсетуге тоқталғандығын негіздей түседі. Хан болмысындағы хандық кейіп, айбаттылық, ер жүректілік айрықша көрініс тауып, пластикалық рет ерекше қолданысқа шыққан.

Жас мүсінші Даниярова Қаламқастың «Ана мейірімі» атты мүсіндік композиция – бейнелеу өнеріндегі өшпес тақырыптардың бірі болып табылатын ана мейірімі өзіндік өзектілігін ешқашанда жоймақ емес. Ұлы суретшілермен мүсіншілердің шығармашылықтарына арқау болған ана тақырыбы қазақ бейнелеу өнерінде өзіндік өресін кеңге жайған. Мүсіндік сұлба жасау барысында бала обрызын сомдау мен сұлбалардағы ыстық ықылас пен мінездік ерекшеліктерді жеткізу асқан шеберлікті қажет ететіндігі белгілі. Бұл ретте біз мүсіндік композициядағы ана мен бала образдарының пішіндік сұлбасының тұжырымдық кейпін айрықша атап өте аламыз. Туынды мүсін өнеріндегі пішін мен мазмұн сабақтастығы айрықшалау негізінде композициясы толықтай дерлік орындап шыққан. Бала обрызын сомдауда ана сұлбасының ерекшелеуде оның фактуралық ерекшелігін алайда үнемі жадта ұстау шартты. Осы тұрғыда ғана біз мүсіндік композициядағы пішіндік ретті ажырата аламыз. Жұмыс барысындағы көркемдік негізбен мінез құлықтың мәнер айрықша жеткізілген туындыдағы көркемділік жоғары деңгейде. Жас шебердің композициялық шешіміне келетін болсақ – ойының тұжырымдық жетістігін, пішіндік негізді айрықша қолдана білу ерекшелігін жоғары бағалаймыз.

Жас мүсінші Нығымбетов Ержанның «Отелло» атты мүсіндік композициясына берілген тәуелсіздік жылдарындағы монументалды мүсін өнеріндегі ерекше жағдайлардың бірі бұл еліміздегі аттылы ескерткіштердің орын алуы болып табылады. Қазақ халқының ат құлағында ойнаған «Ер қанаты ат» деген нақыл сөз-

дерінен оның тарихы мен өзін-өзі тануында жылқының алар орны ерекше. Жыр дастандарымыздағы батырлардың серігі болған жылқы бүгінгі таңдағы қалалық монументалды мүсін өнерінде өзіндік ерекше сипатқа ие болып отыр.

Мүсіншілер аттылы ескерткіштердің өзіндік пропорциясының негізін бірі анық пластикалық ерекшелігін арқылы көрсетсе, ендігісі өзіндік динамикалық жігерлі, рухты асқақтаттыра түсуімен ерекшеленеді. Ал кейбір мүсіншілер ұқсастықпен көшірудің ермегімен айналысып өзіндік монументалдық сипатын тек алыптылық пен аттылығына бағындыруымен шектелуде. Еліміздің қай түкпіріне барсаң да ат үстіндегі батырды көру көзімізге жаттанды болып кеткендігі баршамызға мәлім. Осындай өзектіліктерді алға ұсына отырып «Отелло» тақырыбындағы жұмыстың тақырыбын жас мүсіншінің композициясындағы қазақ мүсін өнеріндегі көкейкесті сауалдарға жауап таба аламыз деп нық басып айта аламыз. Себебі ұсынылған «Отелло» мүсіндік туындысындағы іс әрекеттік, пішіндік негіздер қазақ мүсін өнерінің алдыңғы буын мүсіншілерінің туындыларына ұқсас келетіндігінде атап өткеніміз жөн. Сол себептенде жұмыстың пішіндік композициялық қырын жаңашылдық сипатында атай алмыз. Мүсіндік композицияның ұтымды қыры Отелланың тарихи бейнесін, болмысын ашық жеткізуге ұмтылуы, пластикасы, статикасы айқара ашық көрсетуінде болып отыр.

Жас шеберлердің өзіндік туындылары – тақырып жағынан өте әсерлі де қызықты. Олар болашақта ұлы мүсіншілердің қатарына енетіндей ерекше туындыларымен танылған жас шеберлердің болашаққа деген белестерін жоғары деңгейде меңзейді.

Әдебиеттер:

1. Березина В. Н., Н. А. Лившиц. *Западно-Европейское искусство*. – Л.: Гос. Эрмитаж, 1963. – 423 с.
2. Дмитриева Н. А. *Краткая история искусств*. – Москва: Искусство, 1989. – 318 с.
3. Коньр А. М., Байтурсын Е. У. *Қазақ өнері. 3 том* – Алматы: Елнұр, 2013. – 176 б.
4. Михайлова А. Н., Михайлова, Позднякова Н., Гиллярова И., Лев Я. *Барокко*. – Испания: Кенеманн, 2004. – 500 с.



1 сурет.
Қабыл Азамат
Егіз қозы



2 сурет.
Шәкен Ақылбек
Жекпе-жеск



3 сурет.
Сапабеков Жандос
Абылай хан

Т. Ю. Воробьева

доцент, к.т.н.

Новочеркасский промышленно-
гуманитарный колледж

Новочеркасск, Россия

TYVorobyeva@yandex.ru

ЦВЕТА ПРОСТРАНСТВА – ПУТЬ ВОЗРОЖДЕНИЯ

Түйіндеме: Адам ғылыми дәлелденген немесе болжаған және/немесе ұмытып, Әлеммен байланыс көзін жоғалтқан көптеген кеңістіктерде тұрады. Адамзаттың құжатталған жадындағы кеңістіктердің әрқайсысы көптігімен сипатталады. Ғасырлар бойы көптеген даулы және екіұшты өркениеттердің, халықтардың түрлерінің арасында түс пайда болады. Бірақ түс қайдан, ол ғарыштың ауысуымен қалай байланысты және ғарышта адамзат үшін даулы және көптеген жағынан құпия болып қала береді.

Кілт сөздер: түс, кеңістік, бейбітшілік, жол, өмір, қайта туылу, қайта туылу.

Аннотация: Человек обитает во множестве пространств, перемещение в которых он научно доказали или предсказал, и/или забыл, потеряв истоки контакта с Миром. Каждое из пространств в зафиксированной документально памяти человечества характеризуется множеством. Среди множества спорным и неоднозначным на протяжении веков и видов цивилизаций, видов народов выступает цвет. Но откуда цвет, как он взаимосвязан с переходом пространства и в пространстве остаётся для человечества вопросом спорным и во многом тайным.

Ключевые слова: цвет, пространство, Мир, путь, жизнь, перерождение, возрождение.

Abstract: Man lives in many spaces, the movement in which he scientifically proved and/or predicted, and/or forgot, having lost the sources of contact with the World. Each of the spaces in the documented memory of mankind is characterized by a multitude. Among the many controversial and ambiguous over the centuries and types of civilizations, types of peoples is color. But where color comes from, how it is interconnected with the transition of space and in space remains a controversial and largely secret question for humanity.

Keywords: color, space, World, path, life, rebirth.

Человек, людина как множество человек, объединённых в народ, по своему стародавнему происхождению всегда пребывает в пространстве противопоставлений как «детство – старость», «жизнь – смерть», «хорошее – плохое», «непонятное – понятное», «прямое – кривое», «правое – левое», «мягкое – твёрдое», «тёплое – холодное», «видимое – невидимое» и т.д. Оные характеристики показывают любое пространство как пространство обитания человека (человечества) или некоего вида контакта с ним как видимые, так и невидимые, как осознаваемые, так и неосознаваемые. Таких пространств множество – физическое, географическое, биологическое, природное, космическое, сакральное, информационное, языковое, образное, звуковое, осязаемое, мыслительное, интуитивное и т.д. С каждым из них человек вступает в разные виды контакта и взаимодействия с разным характером взаимности и обратной связи, с разным характером значимости, пропорциональности соотношений состояний противопоставлений.

Когда мы выбираем последовательность «детство – старость» или «старость – детство», «жизнь – смерть» или «смерть – жизнь», «непонятное – понятное» или «непонятное – понятное», «тёплое – холодное» или «холодное – тёплое», «видимое – невидимое» или «невидимое – видимое» мы выбираем вид жизни, мировоззрение народа и/или эпохи, времени, государства, планеты, Солнечной системы и т.д. [3, с.195]. Во многом эти последовательности заданы нам от рождения, сохраняя память предков в образе художественной и научной картины Мира. Существует множество теорий влияния на нас – людей и наше пространство. Единственным постоянным остаётся наша ДНК и характер пространства, записанный в глубинах первичной коры мозга.

С математической точки зрения, основанное на уровне развития человечества и его происхождении пространство ему виделось в разные времена, состояния Природы и цивилизаций и двухмерным, и трёхмерным, и четырёхмерным; недоступным – доступным; тайным – явным; конечным – бесконечным; временным – вечным; несчастливым – счастливым; обычным – дивным с разной степенью научной обоснованности, доказательности и художественного открытия сокровенного знания о Мире. Среди них ключевое место отведено контакту пространства и времени. Человечество как один из видов Природы, как и другие виды Природы направлены на сохранение и преумножение вида разными способами. На уровне мечты, сокровенного знания и планируемых научных разработок для всех народов Земли является взаимодействие и/или управление временем и пространством в круговороте «рождение – жизнь – смерть – возрождение (бессмертие)» во всех пространствах.

Человечество на Земле испытало разные природные катаклизмы разной мощности с разным последствием для континентального строения, тектонического, климатического пространства и, тем не менее, до сих пор на планете сохранено во многом видовое разнообразие, характерное для древних периодов планеты. Именно характер взаимодействия и контакта с пространством видового разнообразия человек воспроизводил, воссоздавал, преображал в своём предметном созидании искусствоведческого и прикладного характера. В разных пространствах планеты Земля характер взаимоотношений разный, как и разная среда обитания по формообразованию, цветности, тектоники в течении года, геологии, по формам жизни и их количеству. Разная среда обитания определяла и определяет материалы, цвета, орнаменты, образы, символы, трансформируемые в разные виды искусства и их стили.

Декоративно-прикладное искусство объединяет в целое назначение предмета для разных видов пространств, соединяя характерные для среды материалы, образы Природы, человеческий тип и мировоззрение человека, народа в один предмет. Даже характер контакта с физическими формами Природы разный. Кочевые народы предпочитают открытый огонь. В кочевом образе жизни отношение к открытому огню оправдано разными истоками. Но ведь открытый огонь выбран и оседлыми народами, как англо-саксы, совмещающими при физическом преобразовании материала (дерево) несколько функций: огонь и свет, и тем самым оглашающим, что они – источник тепла и света

в любое время года и суток [4, с. 11]. В Германии, Франции, Великобритании распространены каминны [7, с. 63]. Каминны в истории человечества по сравнению с печами как объекты ДПИ более декорированы разными материалами; скульптурной, глазурной и живописной техникой.

Славянские народы выбирают закрытый огонь для отопления жилища, приготовления пищи и обработки материалов (керамика, металл). Преобразование материала закрыто в видимом Мире для славянских народов переход невидим, но ощущаем посредством преобразования «дерево, уголь – тепло – жизнь». Переход является тайным, несмотря на его явность. Даже при замещении, перемещении техник, материалов в другую страну при сохранении там Природы, подразумевая и человеческую Природу, мы видим совершенно другой вид искусства. В явном виде знание о переходе материалов и стихий из одного в другое как многоуровневая, комбинаторная система «И цзин» или «Чжоу и» известна в Китае с незапамятных времён. По разным данным первый её вариант может быть датирован II-м тысячелетием до н.э. с начала правления династии Чжоу до III в. до н.э. [8, с.12]. Однозначного понимания текста до сих пор не существует по причине утраты первых вариантов произведения до переписи. Однако, основным здесь выступает объяснение «Всеохватно-круговые перемены», «Всеохватно-круговой лёгкий [канон]» и в целом значение слова чжоу – «оборот», «круг», «цикл», «полный», «везде» и т.д. В свете желания человечества вечной жизни, а в эпоху китайских императоров, именуемых сынами Неба, предполагаю трактат «И цзин» (五行) служил наставлением в этом пути. Согласно ряду исследований «цзин» символизирует не материю, а действие в круге перерождений «дерево (синий, зелёный) – огонь (красный) – земля (жёлтый) – металл (белый) – вода (чёрный)». Однозначно в книге перемены охарактеризован жёлтый цвет земли. Характерной особенностью искусствоведческого видения является использование цветовой и геометрической составляющей внутри круговой схемы мироздания, которая преобразуется в комбинаторные триграммы и гексаграммы в виде четырёхугольника [2, с. 246]. Каждому пространству (астрономическому, зодиакальному, физическому, географическому; животному; календарному; анатомическому и чувственному) соответствует форма, цвет и их последовательность, взаиморасположение. Сторонам Земли соответствуют цвета: Востоку – синий, зелёный (оттенки нефрита); Югу – красный; Западу – белый и Северу – чёрный [9, с. 163]. «Красный – белый – чёрный» как тождественность сторон света «юг – запад – север» характерна для культуры Китая, Кореи, уйгуров, тюрков и азиатских кочевников.

У разных тюркских народов, народов Мезоамерики, Арктических народов, народов Африки, Балтоскании сведения о горизонтальной и вертикальной цветовой картине Мира имеющих место в литературных и археологических памятниках различны [1]. Истоки разного цветового представления о пространстве на данное время научному сообществу не известны и существует лишь множество предположений, исследований в разных сферах естественно-научного и гуманитарного знания.

В тюркском труде «Свод общих установлений» чёрный кэ-ло (< K'Â-LÂ < QARA) имеют право носить высокопоставленные лица, включая: кагана

«императора», катун «императрицу», старейшины, наставника, «чин очень высокий, лишь в преклонных годах бывают ими» (кэ-ло чо (< TSÜÄR < ŠOR) [7, с. 155]. В Тюргешском каганате Катун почиталась как воплощение божества Луны и Ночи (Кара). Чёрный также соответствует ночи, зиме, Луне, повелителю дождя Юй-ши, северным созвездиям и Меркурию в ряде китайских учений о мироздании [8]. Племена Тюргешского каганата обозначалась эпитетом: западные – кара (кит. хэй син «чёрные фамилии», каратюргеши) и сара (жёлтый). Звание «кара» (617) было присвоено танскому военачальнику Чжан Чансунь в период, когда «в Поднебесной наступил хаос». Жёлтый цвет по древнекитайским воззрениям – главный цвет, цвет Поднебесной, цвет земли, цвет зенита: «Веянье Света, нырнув, прорастает / В жёлтом чертоге / Верное, не может не быть / В сердцевине» [8, с. 319].

В Европейских странах жёлтый цвет не характерен для ремесленной традиции или он утрачен по причине насильственного многократного изменения мировоззрения ряда народов в отличии от иерархического золотого. Источники, характеризующие пространство как цветовую карту, очевидно утрачены в череде войн и природных катастроф. По этой причине вопросы традиционного костюма, предметов ремесленного искусства вызывают массу вопросов у исследователей. Нарушена полнота картины Мира, основанная на контакте человека с Миром.

В трёхмерном пространстве также издревле у ряда народов известны вертикальные ярусы жизни и перерождений, основанные на представлении о физическом, природном пространстве как верхнем, среднем и нижнем. Тройственность образов во многом обоснована замыслом «мирового дерева» [10, с. 17]. Во многих ремесленных традициях именно образ «мирового дерева» воссоздаётся. Цветовые ярусы в каждой из известных традиционных культур также многоцветны. Количество ярусов не одинаково, имеет разный характер симметрии в «корни – ствол – крона». У каждого народа существовала в разные периоды времени тождественная трёхярусному строению дерева пластика, известная в настоящем как деревянная кукла. Куклы изготавливались из разного дерева, с разной окраской. Большинство пород дерева, из которых создавались куклы – неизвестно и даже не проводятся исследования в этой области [5, с. 243].

В то же время костюм также менял свою цветность в разные эпохи. Великий император Ши-Хуан, сменивший династию Чжоу, избрал своим символом черный (тёмно-синий) цвет, ибо ««вода гасит огонь»». При этом в традиционном искусстве многих культур существа с синим лицом – это духи и призраки. В буддийском трактате-наставлении путешествии по загробному миру «Книга мертвых» показаны существа с разным цветовым покровом и разные цветовые пространства перехода. В календарном цикле многих обрядов от традиционной культуры также существует своя цветовая символика.

Китай, как государство, этимология которого означает Чжунго (кит. 中國) – «срединное государство» или центр земли, «Центральная держава». Китай одно из древнейших государств на Земле, сохранивших в гармонии древние обычаи и новейшие технологии [2, с. 243]. Дата основания Китая

обозначена 3500 годами до н.э. За время существования китайской империи (221 г. до н. э.—1912 г.), Китай практически не подвергался влиянию иных культур, за исключением периода монгольского господства в XIII в. Китай экспортировал цветной шёлк по Великому Шёлковому по некоторым данным ещё в 13 в. до н.э. Следует отметить, что Шёлковый Путь имеет также тройственную структуру (Восточный участок, Средняя часть и Западный участок). Как гласит старинная китайская поговорка: «Когда человек осуществит свой путь, путь Неба осуществится сам собой» [8, с. 413]. Остаётся понять цвет Пути, Цвет Пути исходного круговорота и его взаимосвязь с планетарными проявлениями.

Литература:

1. Березкин Ю. Е., Дувакин Е. Н. Тематическая классификация и распределение фольклорно-мифологических мотивов по ареалам. Аналитический каталог // – URL: <http://www.ruthenia.ru/folklore/berezkin> (дата обращения 7.12.2021).
2. Воробьева Т. Ю. Китайский дизайн; Этнические ориентиры // Декоративное искусство и предметно-пространственная среда: Вестник МГХПУ / Московск. гос. худ.-пром. ун-т им. С. Г. Строганова. – 2009. – № 4. – С. 238–248.
3. Воробьева Т. Ю. Пространство как национальное понятие в дизайне // Дизайн и художественное творчество : теория, методика и практика: материалы II Междунар. науч.-практ. конф., 11-12 окт. 2018 г. / ФГБОУВО Санкт-Петербургский государственный ун-т промышленных технологий и дизайна. – Санкт-Петербург: Изд-во ФГБОУВО СПб-ГУПТД, 2018. – С. 190–199.
4. Воробьева Т. Ю. Немецкий дизайн «огненного духа земли» // Современные проблемы дизайна, архитектуры и изобразительного искусства : материалы Междунар. науч.-практ. конф., 22-23 апр. 2010 г., г. Магнитогорск. - Магнитогорск : МаГУ, 2010. – С. 8–12.
5. Воробьева Т. Ю. Простонародная деревянная игрушка по образу человека: предания и обряды старины // Диалоги о культуре и искусстве: материалы XI Всерос. науч.-практ. конф. (с международным участием), (Пермь, 14–16 окт. 2021 г.). В 2 ч.: ч. 2 / отв. ред. А. А. Лисенкова; ред. кол.: Е. В. Баталина-Корнева, А. В. Макина, Н. И. Тюленева; Пермский государственный институт культуры, Центр непрерывного образования и повышения квалификации творческих и управленческих кадров в сфере культуры – Пермь: РИО УНИД, 2021. – (Национальный проект «Культура». Федеральный проект «Творческие люди») / Пермский гос. институт культуры и искусства. – Пермь: Изд-во Пермского гос. института культуры, 2021. – С. 239-246.
6. Гачев Г. Д. Национальные образы мира. Эллада, Германия, Франция: опыт экзистенциальной культурологии. – М.: Логос, 2008. – 320 с.
7. Зуев Ю. А. Древнетюркская социальная терминология в китайском тексте VIII в. // Вопросы археологии Казахстана. Вып. 2. Алматы-М.: 1998. – С. 153–161.
8. Китайская классическая. Книга перемен. Канон «И цзин» : В 2 т. / Пер. с древнекит. и исслед. Ю. К. Шуцко; Сост., ст., био- и библиогр. А. И. Кобзева; Ст. В. М. Алексеева; Примеч. А. И. Кобзева и Н. И. Конрада. – СПб.: Нева; М.: ОЛМА-пресс, 2000.– 479 с.
9. Кононов А. Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках // Тюркологический сборник, 1975. – М.: Наука, 1978. – С. 159–179.
10. Топоров В. Н. Мировое дерево: универсальные знаковые комплексы. – М.: Рукописные памятники Древней Руси. Т. 1., 2010. – 448 с.

А. А. Кумарбаева

Казахская национальная академия искусств им. Т. К. Жургенова

магистрант 1 курса

Алматы, Казахстан

akumarbaeva@inbox.ru

ХУДОЖНИКИ ТЕАТРА И КИНО КАЗАХСТАНА (С. РОМАНОВ, Г. ИСМАИЛОВА, А. ГАЛИМБАЕВА, А. ИСМАИЛОВ)

Түйіндеме: Қазақстан кескіндемесінің қалыптасу мәселелері Зерттеу үшін үлкен алаң болып табылады. Ұлттық шығармашылықты дамытуда үлкен рөл атқарған алғашқы ізашар суретшілердің арасында қазақ кескіндемесінің жанрлық, стилистикалық ерекшеліктерін дамытуға зор үлес қосқан театр және кино суретшілерін атап өткен жөн. Бұл жұмыста соғыстан кейінгі 1960–1970 жылдардағы суретшілер – С. Романов, А. Галымбаева, Г. Исмаилова, А. Исмаилов шығармашылығы қарастырылады.

Кілт сөздер: театрлық кескіндеме; кино; бейнелеу өнері; шығармашылық; стиль; жанр.

Аннотация: Вопросы становления живописи Казахстана представляют собой большое поле для исследований. Среди художников-первопроходцев, сыгравших большую роль в развитии национального творчества, следует отметить художников театра и кино, внесших огромный вклад в развитие жанровых, стилистических особенностей казахской живописи. В данной работе рассматривается творчество художников послевоенного периода 1960–1970-х годов – С. Романова, А. Галимбаевой, Г. Исмаиловой, А. Исмаилова.

Ключевые слова: театральная живопись; кино; изобразительное искусство; творчество; стиль; жанр

Abstract: The issues of the formation of painting in Kazakhstan represent a large field for research. Among the pioneering artists who played a big role in the development of national creativity, it should be noted the theater and film artists who made a huge contribution to the development of genre and stylistic features of Kazakh painting. This paper examines the work of artists of the post-war period of the 1960–1970s – S. Romanov, A. Galimbayeva, G. Ismailova, A. Ismailov.

Keywords: theatrical painting; cinema; art; creation; style; genre.

Художник – человек, выражающий себя посредством искусства. С XX века в Казахстане стало появляться множество произведений искусства. Художники изображали быт казахского народа, события, которые оказали значительное влияние на развитие страны. Также казахские художники часто изображали красоты казахской земли.

Изобразительное искусство играет большую роль в театральном жанре и киноискусстве. Оно является составной частью театра и кино, является визуализацией этих синтетических искусств. При этом изображение в произведениях театра или кино трактуется не как самостоятельное произведение, не изолированно, а в контексте сюжета, образов спектакля или фильма. Смысл и содержание работы художника-сценографа анализируются через сознание коллективного процесса создания спектакля. Спектакль, как и фильм, неразрывное авторство многих, когда замысел одного развивается другим и воплощается третьим. Визуальный облик и образ спектакля или фильма создается не одним художником, а совместно с режиссером и труппой.

Являясь синтетическим видом искусства, который обладает наибольшей «емкостью», театр вобрал в себя способность литературы посредством слов воссоздавать жизнь в ее внешних и внутренних проявлениях, словом не повествовательным, а живо-звучащим, непосредственно действенным. Однако в отличие от литературы, в театре действительность создается не в сознании читателя, а как объективно существующее, расположенное в пространстве картины жизни (спектакля). Тем самым обретая смежные области влияния с живописью. Театральное действие находится в непрерывном движении, развиваясь во времени, тем самым даря особые эмоции зрителю.

Становление и развитие изобразительного искусства в театре и кино в Казахстане происходило параллельно с развитием профессионального изобразительного искусства Казахстана и формированием национальной художественной школы. Профессиональные станковые формы изобразительного искусства Казахстана – живопись, скульптура, графика – сложились в 1920-х годах XX века. До этого времени не было единого художественного центра; художники работали разобщено.

К середине 1930-х годов произошло существенное укрепление профессионального состава живописцев республики. Первый съезд художников Казахстана (1940) открыл новый этап в развитии живописи. Важное место в работах художников занимает тема подвига и мужества людей, успешно развивается исторический жанр.

Народным художником Казахстана, лауреатом Государственной премии Казахской ССР им. Ч. Валиханова являлась Айша Гарифовна Галимбаева. В 1949 году художница окончила Всесоюзный государственный институт кинематографии. Художник кино, живописец. Член Союза художников СССР с 1951 года. Работы А. Галимбаевой были разнообразны по жанрам и применяемым техникам. Но объединяло творчество «поэтичность образа, красочность, жизнерадостность, живописная сила и национальное своеобразие, проявляющееся в выборе персонажей и сюжета, пейзажного мотива, предметов натюрморта.

Одна из знаковых работ, написанных в жанре натюрморт принадлежит Айше Галимбаевой. Выводя на первый план не форму, а цвет, художница делает значительный шаг в развитии искусства казахской живописи. Сочетая на полотне тандемы из контрастирующих элементов, по цветовой гамме, температуре, объему образуется своеобразный, с выраженной четкостью ритм. Текстура, открытый диалог с пространством, с формой и ракурсом в натюрмортах Айши Галимбаевой приносят ощущение праздника и света.

Цвет, свет, пространство и форма в композиции обрели своеобразный катарсис на полотне художницы, что не могло не явить глазу зрителя эту особенную выразительность. Техника наложения краски динамичная, упругая – создавая ощущение легкости и побуждая в зрителях кинестетические чувства.

Являясь представительницей первого поколения художников, с которых начиналась национальная школа, чьи работы составляют золотой фонд казахской живописи, Галимбаева отучилась на «художника-постановщика фильмов», создала эскизы к кинолентам «Поэма о любви», «Девушка-джигит», «Это было в Шугле», «Его время придет», «Козы-Корпеш – Баян-Сулу», «Дочь степей».

Будучи первой женщиной-художником в казахской живописи, она внесла большой вклад в изучение народных костюмов в многочисленных экспедициях по Казахстану. Итогом стал альбом «Казахский народный костюм», включающий 60 подробнейших и точных рисунков костюмов разных областей.

Исмаилов Аубакир – народный художник Казахстана, который помимо художественной деятельности и значительного вклада в развитие киноискусства Казахстана занимался исследовательской деятельностью в области казахских народных танцев. Кара-жорга, кусбеги-дабылпаз, утыс-би, айжан-кыз, насыбайшы и др. – в особой, отличающейся интересной трактовке художника, до наших дней и стали ценными «запечатленными мгновениями» в наследии национального творчества. Приложив колоссальные усилия для популяризации народного танца кара-жорга, он выступил в 20-х годах прошлого столетия. Бекграунд в этнографических исследованиях также наложил след на почерке художника. Делая зарисовки народных танцев в национальных костюмах, Исмаилов вырабатывает свой особенный «кинематографичный» взгляд в живописи. Особое внимания уделял проработке танцевальных костюмов в театральных постановках, в которых он участвовал. На шедевральных полотнах Аубакира Исмаилова в этот период мы также можем увидеть танцевальные сцены, написанные особым, профессиональным взглядом не только художника, но и знатока танцевального искусства.

В 50-60-е годы, несмотря на насыщенную живописную жизнь, Аубакир Исмаилов работает над созданием и выпуском книги «Казахские народные танцы», которая на долгие годы станет путеводителем в области танцевально-го национального наследия.

Стоит отметить еще одну женщину-художницу, которая внесла своеобразный стиль, как на сцене театра, так и на своих полотнах. Гульфайрус Исмаилова была художником-постановщиком фильма Султана Ходжикова «Кыз Жибек», получившего на V Всесоюзном кинофестивале приз за лучшее художественное оформление. Эскизы к постановкам являли собой полноценные произведения искусства. Ее творческое наследие насчитывает около 100 портретных и живописных произведений. Характерная особенность многих ее произведений – декоративность, столь созвучная традициям казахской художественной культуры.

Гульфайрус Исмаилова внесла большой вклад в развитие театрального и кино искусства, а также в художественное оформление известных опер и фильмов. Но недаром говорят, что талантливый человек талантлив во всем. Гульфайрус также с успехом проявляла себя как актриса. Она сыграла главные роли в таких известных кинопроизведениях как «Кыз Жибек», «Ботагоз» и получила признание в народе.

Работы еще одного художника 60-х годов прошлого века С. Романова являют собой поистине переработанную форму изъяснения на полотнах. Так, будучи учеником московской школы живописи, Сахи Романов работал художником-постановщиком многих картин, среди них «Дорога жизни», «Крылатый подарок» и др.

Особенно хочется отметить кинематографичность картины «В юрте» 1970 года. Цветовая гамма, рембрантовская светотень, исполненная в непривычной манере, емкость, многослойность композиции и ритм в каждом последующем

движении глаза по картине – все это дарит наполненность, и сюжетность, в которой воссоздает внутреннее убранство казахского жилища. Любовь к Родине считается во всех работах Романова – степь, люди в национальных костюмах, простор душевный и физический. Открывающаяся взору бескрайняя степь в работе «На джайляу» – это не только непривычный, взятый из киноязыка прием, но и осознанное решение, показать контраст в композиции, посредством «сдавливания» зрительского глаза, находящегося в юрте и свежесть и открытость родных степей - который тоже являются домом для любого казаха.

Данные художники в своих произведениях, создаваемых для кино и театра, ориентировались на сюжеты и мотивы жизни народа, отображали тесную связь личности с окружающим миром. Художники 1960-х годов явились частью национальной школы художников Казахстана.

Провозглашаемая борьба проявилась в неустанном контроле над творческой деятельностью художников, навязывании принятых схем и шаблонов, систематическом обсуждении произведений. Своеобразная «гонка» за критикой, без которой не обходилась работа тогда любого творческого коллектива, принимала жесткие формы, когда подавлялись малейшие устремления художников несколько иначе посмотреть и изобразить окружающий ими мир. Любое расхождение с принятой и установившейся системой культурных ценностей рассматривалось не как простое несогласие, а имеющее под собой политическую подоплеку.

Поколение художников, работавших в середине 60-х годов и двух последующих десятилетий, разработало индивидуальную колористику, стиль и язык. Полотна художников того времени раскрыли широкий диапазон затрагиваемых тем и жанровое разнообразие от традиционных ландшафтных до городских пейзажей, от исторических многофигурных до камерных композиций.

Творчество художников послевоенного периода 1960-1970-х годов – С. Романова, А. Галимбаевой, Г. Исмаиловой, А. Исмаилова – включает в себя обращение к обычаям и истории казахского народа, жизненному укладу стало характерной особенностью современной живописи Казахстана, выражающей память национальной истории, цепь ее событий, легенды о подвигах героев и сцены повседневной жизни поколений на великих просторах казахской степи. Воспринимаемое почти сакральным причащение этнической, национальной культурной памяти выводит нашу культуру к новому витку самопознания, к философскому, интеллектуальному, осознанному пониманию своей самости, своего духовного вклада в сокровищницу общечеловеческой культуры.

Современные критики трактуют художественные произведения театра и кино как возрождение классического искусства, выступающее противником устаревших традиций и почитающее органический синтез искусства с достижениями современной техники. Новые направления и стили 1960–1970-х годов имеют под собой устойчивую теоретическую основу.

Изобразительное театральное и киноискусство 1960–1970-х годов исследует вопросы эстетики изобразительного искусства Казахстана, его изобрази-

тельного языка, его изобразительных средств, исследующих взаимодействие и преемственность традиционного и современного искусства в научных трудах отечественных и зарубежных ученых.

В 1960-1970 годы искусство Казахстана ярко выдвинуло идеи символично-метафорического смысла. Выразительный эмоционально-динамичный язык искусства становится ключом к осознанию собственно национальных истоков культуры.

Художественное искусство театра и кино Казахстана 1960–1970-х годов развивается интенсивно в сравнении с другими видами искусства, развивая новые художественные формы и жанры, формируя эстетический язык высокого уровня, вбирающий в себя современные методы, национальные традиции и подходы, национальный современный художественный язык в структуре и в тематике изобразительного произведения, новые направления театральной живописи и киноживописи Казахстана, которые возникли в результате определенных культурных, политических, исторических и технологических факторов.

Творчество известных художников гармонично сосуществует с методами современной живописи и традиционного классического искусства того времени. Многие элементы традиционного казахского искусства и традиционного классического искусства формируют новые художественные направления, что сохраняется преемственность традиционных подходов и методов современного искусства, развивая его в новом ритме.

Литература:

1. Гаврилова Е. П. Мемориал Караганды. КарЛАГ, культура, художники. – Караганда: ТОО «Арко», 2018. – 200 с.
2. Ергалиева Р. А. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2019. – 183 с.
3. Идея независимости в изобразительном искусстве Казахстана. – Алматы: ИЛИ МОН РК, 2011. – 420 с.
4. Очерки истории изобразительного искусства Казахстана / Отв. ред. Г. А. Сарыкулова. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1977. – 223 с.
5. Турлыбекова А. М. Искусство Казахстана в 20-80-е гг. XX века: истоки и тенденции развития: Монография / А. М. Турлыбекова. – Павлодар: Инновац. Евраз. ун-т, 2014. – 180 с.

Ж. А. Аксақалова

Алматы қаласы ҚР БҒМ Ғылым комитеті М. О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкер

2 курс магистранты
Nurbinur_86@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ ЖАНРДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ҮРДІСІ

Түйіндеме: Мақалада қазіргі қазақ кескіндеме өнеріндегі тарихи және тұрмыстық жанрлардағы инновациялық үрдістерге шолу жасалады. Автор суретшілердің өз ізденістері мен еңбектерінің нәтижесінде ұлттық құндылықтарымызды қайта жандандырға негіз болған жаңа үрдістерге баса назар аударады. Кенеп беттеріндегі қазақ халқының әдет-ғұрпы мен тарихы, өмір салты, ұлттық тарихтың жады, оның оқиғалар тізбегі, батыр бабаларымыздың ерліктері, қазақ халқының қаһармандық келбеті, күнделікті тұрмыстық өмірінің көріністері, Қазақстанның қазіргі заманғы кескіндеме өнерінің негізгі сюжеттік ерекшеліктеріне айналууда. Қазақстан кескіндемесіндегі қазіргі заманғы жаңа бағыттар өз кезегінде тақырып аясын кеңейтіп, көрерменнің көркем ойлау көкжиегін дамытып, қабылдай алу қабілетін одан әрі байыта түсті.

Түйін сөздер: инновация, тарихи жанр, тұрмыстық жанр, ұлттық құндылық, тарихи жад, рухани жаңғыру.

Аннотация: В статье даётся обзор инновационных тенденций в современном казахском искусстве живописи в исторических и бытовых жанрах. Автор акцентирует внимание на новых тенденциях, ставших основой для возрождения национальных ценностей в результате собственных поисков и трудов художников. На полотнах запечатлены обычаи и история казахского народа, образ жизни, память национальной истории, ее череда событий, подвиги наших предков – батыров, героический облик казахского народа, сцены повседневной бытовой жизни, основные сюжетные особенности современного искусства живописи Казахстана. Новые современные направления в живописи Казахстана, в свою очередь, расширили тематику, развили кругозор художественного мышления зрителя и обогатили его способность к восприятию.

Ключевые слова: инновации, исторический жанр, бытовой жанр, национальные ценности, историческая память, духовное возрождение.

Annotation: The article provides an overview of innovative trends in the modern Kazakh art of painting in historical and everyday genres. The author focuses on new trends that have become the basis for the revival of national values as a result of their own searches and the works of artists. The canvases depict the customs and history of the Kazakh people, the way of life, the memory of national history, its series of events, the exploits of our batyr ancestors, the heroic appearance of the Kazakh people, scenes of everyday everyday life, the main plot features of the modern art of painting in Kazakhstan. New modern trends in the painting of Kazakhstan, in turn, expanded the subject, developed the horizons of the viewer's artistic thinking and enriched his ability to perceive.

Keywords: innovations, historical genre, household genre, national value, historical memory, spiritual revival.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарында суретшілер Қазақстан бейнелеу өнерінің дамып келе жатқан: символикалық, концептуалды, реалистік бағыттарына ене отырып, өз шығармашылығының бағыттарын қайта қарастыра бастады. Бұл кезеңдегі Қазақстанның заманауи өнерін жан-жақты шығармашылық

ізденістегі бейнелеу өнерінің өзекті мәселелерін қозғайтын, ұлттық құндылықты насихаттайтын жаһандану дәуірінің өнері деп сипаттауға болады.

Инновация термині ғылымға 19 ғасырда мәдениеттанушы саласы бойынша қолданысқа енген. «Инновация (жаңашылдық) – бұл қызметтің әртүрлі салаларына жаңа өзгерістерді енгізу процесі. Кез-келген жаңалық сөзсіз, олар қоғамдағы өзгерістер мен даму логикасынан туындайды. Өнердегі инновациялық процесс, әдетте, шығарманың тақырыбына, суретшінің көркем бейнелеріне, көркем шығарманы құру және дайындау технологиясына әсер етеді» [1]. Яғни, өнерді дамытудағы жаңашылдық дегеніміз – бұл әлемнің көркемдік бейнесінің өзгеруіне байланысты және көркем тілдің ерекшеліктерін қалыптастыруға ықпал ететін шығармашылық әдістің өзгеру процесі.

Жаңашылдықтың негізі – қоғамның әлеуметтік-мәдени жағдайындағы өзгерістер ғана емес, сонымен қатар суретшінің жеке шығармашылық қызметі, оның ерекше ішкі әлемі, шығармашылыққа деген өзіндік көзқарастары да жағдайы. Ал суретшінің ұшқыр қиялы жаңашылдықты туындататын көркемдік сананың іргетасы болып табылады. Дәстүрлі өнерді жаңғырту процесі инновациямен тікелей байланысты. Себебі нәр алып, тамырын теріңінен өндіру үшін жаңашылдық ұлттық дәстүр және құндылық ұғымдарымен белгілі бір дәрежеде әрекетке түсуі қажет. Өнердегі мұндай жаңашылдық үрдістер суретшіге әлемге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Қазіргі әлемнің жаңа мүмкіншіліктеріне бейімделуге, сонымен қатар оның көркемдік танымына да ықпалы зор. Оның өміршеңдігі де жоғары болса, ғасырлық дәстүрлерді елемейтін инновациялар үрдісі өнер әлемінде хаос тудырып, ретсіздік пен тұрақсыздыққа бой алдырады.

